

Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

А. Иембергенова. Қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу	3
Қ. Елхондиева. Тәуелсіздік – ел тілегі	6
И. Әлішбаева. Жүзден жүйрік	13
Г. Беримбаева. Сынып көшбасшысы.....	16
З. Касенова. Қош бол, сүйікті Әліппем!.....	18
Ж. Суханова. Бөкей ордасының соңғы ханы.....	22
Б. Айдекова. Сынып дарабозы	24
Г. Сүйеуова. Бірлігі жарасқан елміз.....	27
Б. Дарменова. Сен достықты қалай түсінесің?.....	29
Р. Алимходжаева. Жаңа жылдық шыршада	34
К. Серікбай. Ұстаздарыма арнау	38
А. Жаниярова. Менің ғажайып әлемім	39

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.


Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
24.01. 2024 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-көңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.



АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
әл-Фараби атындағы
№145 мектеп-гимназия
директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі
орынбасары.
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – әл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің
қауымдастырылған
профессоры, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.



Қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу

Қазіргі заманда өзіміздің ата-бабамыз қалдырып кеткен салт-дәстүрді сақтай отырып, келешек ұрпақты сол арқылы рухани адамгершілікке сонымен бірге салауатты да саналы қоғам иелерін жан-жақты, ақыл-парасаты мол, ізетті, кішіпейіл, мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу мектептің, мұғалімнің, ата-ананың қоғам алдындағы борышы.

Қай халықты алсақ та, әрқайсына өзіне тән ұлттық дәстүрі, тәрбие бастаулары бар. Сол ұлттық салт-дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу — үлкен міндет. Егер алтын қазына — ұлттық салт-дәстүрі, мәдениеті жалғасып атадан балаға мұра болмаса, халықтың келешегі жоқ.

Қай елде, қай кезде болмасын бала тәрбиесіне ерекше мән берілгендіктен, халқымыздың ардақты азаматы Мұстафа Шоқай: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиелеген ұрпақтан халқымыздың қажетті де пайдалы азаматы шықпайды», - деп ұлт болашағын ұлттық рухты мектепте тәрбиелеу қажеттігін көрсеткен.

Тәрбие тамыры — халық даналығында. Жас ұрпаққа жан-жақты өнегелі жарасымды тәрбие беруде ата-балалар дәстүрін өнеге студің үлкен тәрбиелік маңызы бар.

Жыраулар мен билер шығармашы-

лығында көтерген мәселелер ұлттық, жалпы азаматтық проблемалармен ұштасып жатады. Мұнан өз тіліміздің, халқымыздың қоғамның дамуы беле-сіндегі тарихын, ұлттық мінез, ерлік-елдік дәстүрлерін, философиялық ұғым-түсінігін көрсетеміз. Жас ұрпақты жоғары интеллектуалды азамат етіп тәрбиелеуде халқымыздың бай рухына мұрасын пайдалануымыз керек. Ол халықтың тәрбиесінен, мәдени тұрмысы туындыларының түрлерінен көрініс бере отырып, адамның дүниеге келуімен бірге өрбіп, дүниеге аттанып кеткенше құндылықтайтын, тербететін алтын бесігі іспеттес. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен ұлттық салт-дәстүр, жол-жора, ырымдар арқылы өз ұрпағын ізетті, еңбек сүйгіш, қайырымды, шыншыл, Отанын сүйетін батыр азамат етіп тәрбиелеуді көздейді.

Ауыз әдебиетінің үлгілері мен дәстүрлер, жол-жора ырымдар, өнер мен ойын түрлерін тәрбиенің құралы ретінде пайдаланып келеді.

«Ақыр заман алдында,
Құрамалы үйің болады.
Толқымалы биің болады,
Едірейген ұлың болады.
Бедірейген қызың болады,
Ақырайған әйелің болады.
Кекірейген келінің болады,

Табалдырықтан биік тау болмас,
Ағайыннан артық жау болмас.

Тана-торпаққа жүк артылар,
Ар-ұяттан жүрдай боп,

Қарап тұрған жігітке қыз артылар», - дегендей Майқы бидің шерге толы толғауының астарына мән берсек, бүгінгі кейбір жастарымыздың кескін-келбетін көргендей боламыз. Қазақ бола тұра қазақ тілін ұмытып, ата-бабамыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан ажырап қалған, шетелдік компьютерлік ойындар мен қатыгездікке құрылған фильмдер жастарымызды жаман жолға түсірмес үшін салт-дәстүр арқылы иманы таза, көзі ашық, көкірегі ояу рухани адамгершілікке тәрбиелеу және тәрбиелену мына біздер сияқты жастардың қолында. Ұлы бабамыз Әл-Фараби «Тәрбиесіз қолға білім салма», - десе, Ахмет Байтұрсынов: «Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз. Негізінде, ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек. Бізге тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет, тәрбиелері білімдар... Міне адам! Міне тұлға!», - деп білімнен бұрын тәрбиеге көңіл аудару керектігін, тәрбиесіз адамға берілген білімнен ешқандай пайда жоқтығын баса көрсеткен. Біз осы қағидаларды әрқашанда жадымызда ұстауымыз керек. Ең алдымен, таза жанды, иманды, арлы, намысты, ұлты мен ұлттық құндылықтарын салт-дәстүрін сүйетін тұлға тәрбиелеуге ұмтылуымыз керек. Ол үшін әрбір оқу орнында, мектепте түрлі шаралар, сонымен бірге соған байланысты сабақтар, мәні бар қойылымдар, сынып сағаттары, баяндамалар, ашық

сабақтар, әңгімелер, пікірталастар өткізілуі тиіс. Ұлы бабамыз Әл-Фарабиден бастап өшпес мұра қалдырған ойшылдарымыз Иассауи, Хорезми, Дулати, Баласағұн, Жалайри, т.б. еңбектері — қазіргі ұрпақ тәрбиесі үшін теңдесі жоқ қазыналар. Сондай-ақ, Асан Қайғы, Ақтамберді, Майлықожа сияқты, т.б. ақын-жыраулардың толғаулары мен дана өсиеттері қаншама? Ал, Абай мұрасының оның педагогикалық көзқарастарының алар орны тіпті ерекше. Жарық жұлдыздарымыз Шоқан, Ыбырайлармен қатар 20-ғасыр басында тәлімдік ой-пікірлермен барынша қазақ даласын дүр сілкіндірген Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақыптардың педагогикалық, психологиялық тұжырымдары заман талабымен үйлесіп жатыр.

Халқымыздың осындай даналары мен кемеңгерлерінің еңбектері, ойлары, көзқарастары тәрбие жұмысында, әсіресе, рухани тәрбие беруде ұстаздарға көмек болатын таптырмас дүниелер. Белгілі жазушы Аймауытов Жүсіпбек өзінің «Тәрбие» деп аталатын еңбегінде: «Тәрбие екі түрлі: дене тәрбиесі және рух тәрбиесі хайуан көбінесе денесін тәрбиелейді, ал адам баласына дене тәрбиелеумен бірге рухын, ақылын, сезімін, жігерін, мінезін тәрбие қылуы керек. Дене мен рухы бірдей тәрбиеленбеген кісі сыңаржақтау болады», - депті. Ендеше, Ж. Аймауытов айтып отырған тән мен рухты бірге, бірдей тәрбиелеу ісін қолға алу керек, тіпті тәннен бұрын, рухты тәрбиелеуге күш салу керек. Барлық тәрбие мен білім берудің тамыры мен өзе-

гі осы рухты тәрбиелеуде, яғни рухани тәрбиеде жатыр. Адам алдымен рухани тәрбие бермей, тәрбиенің басқа салаларын жүзеге асыру мүмкін емес.

Рухани тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесі үшін азаматқа апат әкелуі мүмкін. Оның мысалы тарихта аз емес. Сондықтан Әл-Фараби бабамыздың жоғарыда айтылған: «Тәрбиесіз қолға білім салма», - деген сөзі жалпы ұстаздар қауымының негізгі ұстанымы болуы керек. Кейбір адамдар рухани тәрбиені дінмен шатастырып, қарсы шығуы да мүмкін. Діни тәрбие мен рухани тәрбие мүлде екі бөлек дүние. Дегенмен бүгінгі күні дін мәселесіне де жаңа көзқарас керек екенің түсіндік. Кеңес өкіметі кезінде «Дін сананы улайтын апиын» деп келсек, бүгінгі күні дін арқылы тәрбие жұмыстарын нәтижелі жүргізуге болады. Рухани тәрбие арқылы адамның бойындағы адамгершілік ізгі қасиеттерді қалыптастыруға болады.

Міне, сол арқылы халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған рухани тәрбие арқылы адамның бойында адамгершілік ізгі қасиеттерді қалыптастыруға болады. Ғасырлар бойы жинақтаған рухани құндылықтарын бала бойына сіңіріп, өзінің Отанының адал азаматын тәрбиелей аламыз.

Бұл жұмысты жүзеге асыру аса қиын емес. Себебі ата-бабаларымыздың салып кеткен сара жолы, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа негізделген жас ұрпақты тәрбиелеу әдістері бар. Жоғарыда атап өткен дана бабаларымыз-

бен кемеңгер ғұламаларымыздың баға жетпес құнды еңбектері бар. Рухани тәрбиені теориялық тұрғыдан қазіргі заманға сай саралап, қазақ тілінде кемеліне жеткізген кемеңгер Абай мен Шәкәрім аталарымыз бар. Тек осы қазыналарды орнын тауып қолдана білуіміз керек.

Қоғамның жылдан-жылға рухани азғындалып бара жатқанының себебі де осы ар ілімнің оқылмай, рухани тәрбиенің берілмей жатқаны. Сондықтан рухани тәрбиені қайдан аламыз, қалай береміз дегенде, алыстан іздемей-ақ өзіміздің осындай ойшылдарымыздың дана өсиеттерін басшылыққа алуымыз керек.

Тек қазақ халқының қанында бар рухани асыл қасиеттердің өзге халықтарда кездесе бермейтіндігіне жастарымыздың көзін жеткізуіміз керек.

Ендеше егемендігіміз мәңгілік болсын десек, оның болашағы — жастардың тәрбиесін, оларға рухани тәрбие беру ісін кешіктірмей қолға алуымыз керек-ақ. Бір-бірімізбен қазақша сөйлеп, ұлттық салт-дәстүрлерді үйімізде жиі өткізіп отырсақ, балалар соны көріп, сусындап өседі, тәлім алады, қазақша тәрбиеленеді. Сол арқылы болашақта біздің қоғамымыз жақсы жаққа қарай өзгертініне сенімім мол. Сұлтанмахмұт атамыз айтқандай: «Мен жастарға сенемін!» - деп, мен де бүгінгі күннің балғын жастарына зор үміт артамын.

Айым ИЕМБЕРГЕНОВА,
Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің
4-курс студенті.
Алматы қаласы.

Тәуелсіздік – ел тілегі

Мақсаты: Желтоқсан көтерілісінің сипатын насихаттай отырып, Желтоқсан құрбандарын мәңгі есте сақтау; жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру.

I жүргізуші: Құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар. Бүгін біз еліміздің сан мың жылдар бойы армандаған, сол жолда ғасырлар бойы, найзаның ұшымен, ерлеріміздің ерен ісімен, кешегі дүниені дүр сілкіндірген желтоқсан оқиғасымен келген, тарихымызда алтын әріптермен жазылып қалатын Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған «Тәуелсіздік – ел тілегі» атты тәрбие сағатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

II жүргізуші: 16 желтоқсан. Бұл ерлік пен өрлік, қайғы мен қасірет мидай араласқан әрі жарқын, әрі қаралы, қасіретті күн еді. Бұл қасіретті күні Асанқызы Ләззат, Сыпатайұлы Ербол, Мұхамеджанқызы Сәбира, Ноғайбайұлы Қайрат сынды жүздеген мыңдаған қыршындарымыздың қанатын қиып түскен, озбырлық күні, өктемдік күні еді. Ендеше, сол желтоқсанның ызғарындағы мыңдаған боздақтардың рухын еске алып, бір сәт үнсіздік жариялаймыз.

I жүргізуші: 1986 жылы қазақ жастары тотаритарлық режимге ашық қарсылық көрсеткен күн екені бәрімізге белгілі. Өмір өзен толқындары бізді әйгілі 16 желтоқсан оқиғасынан уақыт өткен сайын алыстатып әкетіп бара жатса да, жүректерде мәңгілік ұмы-

тылмайтын бір нәрсе бар. Ол – дүниені дүр сілкінген сол үш күн ішінде қазақ қыздары мен жігіттерінің рухына, ерлігіне деген тағзым, құрмет еді.

II жүргізуші:

Дауылға желтоқсанның желі айналды,

Ашуға мінді Алатау кәрі айбарлы.

Күтпеген іс ақыры не болды деп,
Күллі әлем Алматыға қарай қалды.

I жүргізуші:

Кез емес жаугершілік «аттан» атты,
Алаңның шеруі емес салтанатты.

Қытымыр қыстың басы сол бір айда,
Желтоқсан жеті әлемді жалт қаратты.

II жүргізуші:

Желтоқсанның ызғары-ай,
Кірпікке қатқан мұздары-ай.
«Елім-ай» деп егілген,
Қаһарман ұлдар, қыздар-ай.

I жүргізуші:

Желтоқсан таңы дірілдеп ызғар,
Жүректе ізгі үміт пен ізгі ар.
Ақ құстай бейбіт арманы самғап
Алаңға шықты жігіттер, қыздар.

II жүргізуші:

Көтерілді жастарымыз алаңға,
Көтерілді студент қыз, балаң да.
Қан төгілді намысы үшін қазақтың,
Ерліктері жайылды кең ғаламға.

I жүргізуші:

Ызғарлы күн, ызғарлы түн желтоқсан

Мазасыздан түн жамылған желтоқсан.

Қазақ елін қан майданға жолдаған,
Қазақ жерін қара қанға бояған.

«Желтоқсан желі» әні орындалады.

II жүргізуші: Иә, қайран қазағым! Ұзақ уақыт «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген» деген астарлы сөздің мәнін ұға алмай, ұқсақ та ашып айта алмай келдік. Айту үшін тарихқа бойлау керек, ал тарихтың тұңғыығына барсақ карауылға іліндік. Ол сөздің салмағын, маңызын жариялылық таңында ғана түсіндік.

I жүргізуші: Сол бір суығы ерте түскен қыс кездерінде, тоқырау тажалының ызғарында, аяусыз тапталған ар намыстың ышқынған дауысы құлағымызда әлі де шыңылдап тұрғандай.

II жүргізуші:

Желтоқсан айы, естесің,
Дауыл боп бұрқап ескенсің.
Азаттық күйі, қашаннан,
Көкейін елдің тескенсің.

I жүргізуші:

Тарылып жатса даламыз,
Қайтіп біз тыныс аламыз.
Қақымыз жоқ айтуға,
Әділет қайдан табамыз.

II жүргізуші:

Шектеліп ана тіліміз,
Оқылмай өлең - жырымыз.
Жабылып жатса мектептер,
Жадырар қалай күніміз.

I жүргізуші:

Бұрқ етті қазақ баласы,
Кеудеде өршіп наласы.
Алаңға қарай ағылды,
Таусылып барлық шарасы.

II жүргізуші:

Тұтқиылдан түскен суық мәлімет,
Тарап елге дейді күштеп қабыл ет.
Жаңа алаңға қалың жастар қаптады,
Қайда-қайда жариялылық әділет.

I жүргізуші:

Аяз қысып, төкті қыс та қаһарын,
Сиретпеді жастар бірақ қатарын.
Қайдан білсін милиция – қорғаны,
Ұрып-соғып, суық сумен атарын.

Көрініс.

Радиодан: Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамет Ахметұлы Қонаев Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің V пленумының шешімімен қызметінен алынып, орнына Кеңестер одағының Коммунистік партиясы Ульянов облыстық комитетінің бірінші хатшысы Геннадий Васильевич Колбин Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалды.

Студенттер сахнаға шығады.

Қайрат: Естідіндер ме, Дінмұхамет Қонаев орнынан алынып, орнына белгісіз орыс сайланыпты. Бұл не деген масқара!

Сәбира: Орталық Комитетінің шешіміне қарсымыз! Қазақстанды тек қазақ басқаруы керек!

Ербол: Бізге келімсектің қажеті жоқ. Ұлтымыздың намысын аяққа таптатпаймыз.

Қайрат: Дербестікті талап етеміз. Қазақ елінің өз көсемі керек!

Ләззат:

Сүрмейтұғын болдық қой күймей
ғұмыр,

Көлеңкеміз. Күннен де тимейді нұр.
Колбин деген кім екен қайдан келген?

Уа, сыртымыздан қашанғы билейді
бұл?

(Қаруланған милиционерлер келеді)

Милиционер: Жастар, жастар, тарандар!

Қайрат: Біз пленум шешіміне қарсымыз!

Милиционер: Қайтындар жатақханаларыңа!

Ербол: Орталықтың озбырлық өктемі жойылсын! Қазақстан қазақтардікі!

Милиционерлер: Тарандар, әйтпесе, күш көрсетеміз!

Қайрат: Демократия жасасын!

Жастар бәрі бірге:

Менің елім, менің елім,

Гүлің болып егілемін.

Жырың болып төгілемін елім —

Туған жерім менің, Қазақстаным.

Милиционер: Менің командалды тыңдандар! Күш қолданындар!

(Жастарды ұрып соғып, қолдарын артына бұрап алып кетеді)

I жүргізуші:

Қатыгездік жұдырығы түйіліп,

Қамшы үйірді, жасқап, жекіп, бұйырып.

Желтоқсанда шықтық үлкен алаңға,
Халық үшін жаратқанға сыйынып.

II жүргізуші:

Ей, қазақтың ұланы,

Болғайсың дала қыраны.

Жер суын қорғау бабаның,

Емес пе басты ұраны!

I жүргізуші: Әрбір тарихи кезең дәуір белесінде өз үнін, өз жырын, өз әуенін қалдырып отырады ғой. Бұл ән сол желтоқсан оқиғасының боздақтарына арналған. Сөзі Есенғали Раушановтікі, әні Оспановтікі.

«Қара бауыр қасқалдақ» әні орындалады.

II жүргізуші. Түн. Кәдімгі миллиондаған түндердің бірі, бірақ бұл түн өз-

геше еді. Себебі, бұл түнде қаланың кез келген тұсынан ұсталған жастарды ұрып-соғып өлімші халге жеткізді. Осындай қатыгездікті көрген оларға араша түсем деп жүргендердің арасында Қайрат Рысқұлбеков те бар.

I жүргізуші: Иә, халық басына төнген осы бір қасіретті сәтті от тілді, қайсар ақын Қайрат былай деп суреттейді.

Екі жүзін қырылып,

Екі жүзін ұрылып.

Екі жүзін сотталып,

Жоқтаусыз кетіп барасың!

Қыршыныңнан қиылып,

Солармен бірге өлсемші-ай!

Артта қалған ата-анам,

Арулап қолдан көмсемші-ай.

II жүргізуші: Иә, қылышынан қан тамған сонау, Колбин үстемдік қылған заманда-ақ:

Сөйлесең даусың жетпейтін,

Кез болдық мынау заманға.

Шовинизм еді ғой,

Басты себеп жанжалға, - деп жасқанбай жырлаған желтоқсанның аққан жұлдызы, жас сұңқар Қайрат Рысқұлбеков ең жоғарғы жаза — ату жазасына іліккендердің бірі.

Көрініс.

Түрменің іші. *Қайрат өлең жазып отыр.*

«Әкетай-ау, пайғамбардай жасың бар,

Туа бермес сіз секілді асылдар.

Қартайғанда жүрегінді жаралап,

Кесір болды-ау біз секілді «масылдар».

Айналайын, **қарындасым**, қарағым,

Қолда кісен, мен айдауға барамын.

Қайғы шегіп, азап тартқан ағанды,

Айтшы жаным, қандай жанға баланың?

Айналайын, **інішегім**, құлыным, Сені ойласам үзіледі жұлыным.

Сенің ерке ақ жүзінді көре алмай, Кетіп барам мен айдауға, құлыным. Қалдырып жаны мәңгі жас ұлынды, Құпия шерттім осы жан сырымды.

Қош енді, жолықпасам, қайран **анам**,

Көзімнен ақ жаулығың жасырынды, Қайран анам, күзеткенің түгел ме?

Көктеректе жазықсыз екенімді білемі?

Бейшаранды мазақ етіп жоқ әлде, Саған дағы елің, жұртың күле ме?

Милиционер: Иә, Рысқұлбеков, тағы да хат жазып отырсың ба?

Милиционер: Сен 18 желтоқсанда сағат 10⁰⁰-де қайда болдың?

Қайрат: Жолдастарыммен бірге Фурманов көшесінде болдым.

Милиционер: Жоқ, сен өтірік айтпа! Сен Сәтпаев пен Мира көшесінің қиылысында Савицкийді соққыға жықтың. Соның нәтижесінде ол қайтыс болды. Сен оның өліміне кінәлісің. Сен оны өлтірген.

Қайрат: Бұл дегенің қып-қызыл қиянат қой.

Милиционер: Мойында! Мойында-саң жазан жеңілденеді.

Қайрат: Мен ешкімді де өлтіргем жоқ.

Милиционер: Савицкийді өлтірдім демей-ақ қой, оқиғаға қатыстым десен де болады.

Қайрат: Жасамаған нәрсені неге мойындаймын. Бұл — маған жабылып тұрған жала.

Милиционер: Бұдан ешқандай пай-

да жоқ, ісін сотқа түсірейік, содан соң көресің.

Милиционер: Жарайды, өзінен көрсін.

(*Қайратты ұрып соғып, қолын артына қайырып алып кетеді*)

Жүргізуші: Елім деп, қазағым деп, айдай әлемге жар салып, ұлтының намысын қорғаған жалынды, жігерлі азамат — Қайрат Рысқұлбековтың соты болар күн де жетті.

Сот келеді.

Сот: Айыпкер Рысқұлбековты тергеуге әкеліндер! (Қайратты екі тергеуші әкеледі)

Милиционер: Айыпкер Рысқұлбеков ақтық сөзің не?

Қайрат:

Бүгін қойды сот сұрақ,

Айтайын оны халқыма.

Жоқ пейіл менде жасымақ,

Қорлай беріп қайтадан,

Титыққа орыс жетпесін.

Туған жердің намысы,

Бөтен қолда кетпесін.

Салт-санадан айырылып,

Арақтан ұрпақ азбасын.

Ел көркейтер азамат,

Қызғаныштан тозбасын.

Абай туған жерінде,

Бомбасын атом жармасын.

Құлпытасты қиратып,

Өлігінді қазбасын.

Өз ұлтыңның басшысын,

Орнынан сүйреп алмасын.

Милиционер: Қысқарт тілінді, жап аузыңды!

Сот: Айыпкер, Қайрат Рысқұлбеков қылмыскер деп танылып, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қылмыстық Кодексінің

60-бабы бойынша 3 жыл бас бостандығынан айырылсын, Қылмыстың Кодекстің 173-бабының 1-тармағы бойынша жазалаудың ең ауыр түрі — өлім жазасына, атуға кесілсін.

Милиционер: Ал, декабрист, соңғы ақтық сөзіңді айт.

Милиционер:

Күнәдан таза басым бар,

Қазақ деген атым бар.

21-де жасым бар,

Қасқалдақтай қаным бар.

Бозторғайдай жаным бар.

Алам десең, алындар,

Қайрат деген атым бар.

Қазақ деген затым бар.

Еркек тоқты — құрбандық,

Атам десең, атындар.

(Сахнада екі милиция киімін киген адам Қайратты алып келе жатқанда жаралы Қайрат былай дейді)

Қайрат:

Мен не етермін, не етермін,

Мен келмеске кетермін,

Көрмеген қош бол, таңдарым!

Көре алмай енді өтермін.

Қош, аман бол артымда,

Ағайын — туған, азамат.

Артымда қалған ата-анам,

Ел-жұртым, саған аманат!

(Қайратты алып кетеді)

I жүргізуші: КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының шешіміне сай 1988 жылы 28 сәуірдегі указымен Қайрат Рысқұлбековке кешірім жасалып, 20 жыл бас бостандығынан айыруымен ауыстырылды. Алайда бұл хабар Қайратты қуанта қойған жоқ.

(Қайраттың хаты сахна сыртынан оқылады)

«Міне өздеріңіз естігендей, ату жа-

засын 20 жылға ауыстырды. Бұл, әрине, біреуге — қуаныш, біреуге — азап. Өз басым, бұл үшін қуанғаным жоқ. Өйткені, асыл анашым, түсінізші! Мен сорлы бұл тас зынданда жазықсыздан, жазықсыз еш отырғым келмейді. 11 ай ішінде қайғы-қасіреттен әбден жүйке тамырым жұқарды. Әбен шаршадым. Сол себептен 20 жыл бойы өз-өзімді қинағым келмейді».

I жүргізуші: 1988 жылы 21 мамырда Семей қаласындағы түрменің 21-камерасында Қайрат 21 жасында «өзін-өзі өлтірді» деген атпен құпия түрде қаза тапты.

II жүргізуші: Желтоқсанда жас өмірін жалау еткен қазақтың қайсар ұлы — Қайрат Рысқұлбеков халқымыздың ұлттық батыры ретінде өз есімін ел жадында мәңгілік жазып кетті.

I жүргізуші:

Кінәлі ме, ақын Қайрат, ер Қайрат?

Ауа жетпей атып шыққан алаңға.

Қылқындырған қиянатқа көнбеді ол,

Тапталғысы келмеді оның табанға.

II жүргізуші:

Әсте естен шығармайды жыр мұны,

Айтады ылғи домбыраның күлбірі.

Аты аталса күрсіндірер жылатып,

Қыршын кеткен ұл-қыздары сол күні.

I жүргізуші:

Желтоқсандық азамат пен құрбаны, Жатыр бүгін Мойынқұмның бауырында.

Қара өлеңнің ерте солған бір гүлі,

Қазақтың асыл ұлдары мен қыздары.

«Елім-ай» әні орындалады.

II жүргізуші:

Жауыздықты жасаған да — желтоқсан,

Абақтыға тастаған да — желтоқсан.

Намысының шырағы да — желтоқсан,

Сұрқай өмір сынағы да — желтоқсан.

Жігіттіктің ұраны да — желтоқсан,

Жаңа күннің шуағы да желтоқсан.

Көрініс: «Баланың түсі»

(Бала ұйықтап жатады, періште қолына шырақ жағып келеді)

Періште: Әй, балақай, тұрсаңшы! Таң атып қалды! Мына шыраққа қарашы, бұл саған берілген бақыт құсы. *(Балаға ұсынады да періште кетіп қалады)*

Бала: *(ұйқылы ояу)* - Әже, әже, шырақты қара! Ұстап алайықшы! Ұста! Ұ...с...т...а *(шошып оянады)*

Әжесі: Біссіміллә, неге шошыдың, балам?

Бала: Әже, әже, көп түс көрдім. Әже, жап-жарық күнді көрдім.

Әжесі: Е, балам, ол сенің бақытың, балам, Тәуелсіздігіңнің мәңгі жарық күні.

Бала: Ендеше, жолдастарымнан сүйінші сұрайын. Алақай! Сүйінші! **Тәуелсіздіктің ақ таңы** атып келеді.

I жүргізуші:

Тойланып мың мереке, ұлыс күні,

Құйылған шаңырақтан ырыс нұры.

Халқымның бақыты үшін аз байлық па,

Тәуелсіз еліміздің тыныштығы.

II жүргізуші:

Шағылса да тауға тиіп жас тауы,

Ерлік еді намысқа шоқ тастауы.

Күллі әлемді шулатқан сол екі күн,

Болған екен бостандықтың бастауы.

I жүргізуші:

Қандай бақыт қуанышты күн бүгін, Дәлелдеуде Қазақстан елдігін.

Арман еткен қыршын кеткен ағалар,

Елдің алды егеменді теңдігін.

II жүргізуші: Тарихымызда ерекше орны бар, өздеріңіз куәсі болған, халқымыздың қасіреті мен ар-намысына сонымен бірге мақтанышына айналған — 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасы» қазақ халқын дүние жүзіне танытты.

I жүргізуші: Сол бір қаһарлы желтоқсан күндерінен бері талай жылдар өтті. Қазақстан халықтарының өмірінде, яғни мемлекетімізде көптеген айтулы өзгерістер болғаны белгілі.

Тәуелсіздік шежіресі.

I жүргізуші: 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы тәуелсіз, дербес мемлекет болып сайланды. Тәуелсіздігімізді және мемлекеттігімізді алғаш мойындаған Түркия мемлекеті болды.

II жүргізуші: 1991 жылы 29 тамыз Семей полигоны жабылды. Ең бастысы, Қазақстан ауасы таза, суы мөлдір, жасыл желекті, халқының рухы күшті, дені сау болып қалуы тиіс.

I жүргізуші: 1991 жылы 17 желтоқсан Демократиялық жаңару күні деп жарияланды.

II жүргізуші: 1991 жылы 21 желтоқсан Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы (ТМД) құрылды.

I жүргізуші: 1992 жылы 4 маусымда ҚР Жоғарғы кеңесі мемлекеттік рәміздерді қабылдады.

I жүргізуші: 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан БҰҰ мүшелігіне қабылданды.

II жүргізуші: 1992 жылы 8 мамырда Республика ұланы құрылды.

I жүргізуші: 1992 жылы 30 қыркүйек 3 қазан аралығында Алматы қаласында қазақтардың бірінші дүниежүзілік құрылтайы құрылды.

II жүргізуші: 1992 жылы 11 желтоқсан ҚР әнұраны қабылданды.

I жүргізуші: 1993 жылы 28 қаңтар Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы қабылданды.

II жүргізуші: 1994 жылы ақпан Қазақстан ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа қол қойды.

I жүргізуші: 1995 жылы 30 тамыз жалпы халықаралық референдумда ҚР Конституциясы қабылданды.

II жүргізуші: 1996 жылы 16 желтоқсанда — Алматыда Тәуелсіздік монументі ашылды.

I жүргізуші: 1996 жылы еліміздің астанасы Ақмола қаласына көшіріліп, 2007 жылы Астана қаласының ресми тұсаукесер тойы болды.

II жүргізуші: 2024 жылы Тәуелсіздікке 33 жыл толды.

I жүргізуші:

Тегеурінді соққылары жарактан,
Ақша қарға судай ақты қайнап қан.
Қайдан білсін қызбаланған ерлерім
Айрыларын Ләззат, Ербол, Сәбира-
дан, Қайраттан.

II жүргізуші:

Ақталды боздақтардың ақ талабы,
Әділ іс әрқашан да ақталады.

Елі үшін жанын қиған осы жандар,
Ел есінде мәңгілік сақталады.

«Қазақ жігіттеріне» әні орындалады.

I жүргізуші:

Тәуелсіздік оңайлықпен келмеді,

Бізге оны ешкім аяп бермеді.

Тәуелсіздік — Қайрат, Ләззат, Ерболдың,

Тас көшеде тас-талқан боп өлгені.

I жүргізуші:

Қына көктеп қоңыр қырдың тасына,

Бастағандай көгім бүгін ашыла.

Еңсесі тік тәуелсіз ел болдық біз,

Бақыт қонды қазағымның басына.

«Өз елім» әні орындалады.

II жүргізуші:

Жалғасып соғыс өрті сан ғасырға,

Біз көрдік қас дұшпанның қалтасын да.

Еліме Тәуелсіздік келіп жетті,

Мың жылдық күрестердің арқасында.

II жүргізуші:

16 желтоқсан ел мерейі тасыған,

Қазақ деген қайран жұрт бәрін кешті басынан.

Естіген ел үнін, дүние түгел естисін,

Тәуелсіздік туынды биік көтер жасұлан.

«Елім менің» әні орындалады.

I жүргізуші:

Армандарды жақындатып тым алыс,
Біздің жаққа жеткен екен жылы алыс.

Егемендік — ел бақыты, ертеңі,

О, халайық! Құтты болсын қуаныш!

I жүргізуші:

Әр қазақтың есінде сақталады,

Желтоқсандық өрендер ақталады.

Ел намысын қорғаған сарбаздарым,
Ерліктерің мәңгілік мақталады.

«Ақ көгершін» әні хормен орындалады.

II жүргізуші: Міне бүгін қазақ хал-

қы өзінің көптен аңсаған арманына жетті. Егеменді ел, Тәуелсіз мемлекет болды. Халқымның ар-намысы үшін қаза болған ұл-қызы ақталды. Өшкені жанып, өлгені тірілді. Тәуелсіздігіміздің мерейтойы құтты болсын ағайын.

I жүргізуші: Құрметті жиналған қауым! Сіздерді тағы да Тәуелсіздіктің торқалы тойымен құттықтай отырып, мемлекетімізге жарқын болашақ, ұрпағымызға саулық тілейміз. Жер бетінде тыныштық орнасын.

II жүргізуші: Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жо-

ғары, егемендігіміз баянды болсын деп тілейік. Осымен Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік – ел тілегі» атты тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

**Қарлығаш Сәттібайқызы
ЕЛХОНДИЕВА,
«Әбілғазы Махұтов атындағы орта
мектеп» ММ
директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары.
Төлеп селосы,
Бейнеу ауданы,
Маңғыстау облысы.**

Жүзден жүйрік

Мақсаты: оқушылардың қабілетін ашу, білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету, белсенді, шапшаң, ұйымшыл, бала болуға тәрбиелеу, ой-өрісін, сөздік қорын дамыту

Жүрісі:

Қазақ тілім – өз тілім, ана тілім,
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.

Қастерлейді ұл- қызың мәңгі сені,

Болашағым, бақытым дара тілім, -
дей отырып, бүгінгі 4 «А» сынып оқушыларының арасында өткелі отырған «Жүзден жүйрік» атты топтық сайысымызды тамашалауға шақырамыз. (Әділ қазылар алқасын сайлау)

I. Таныстыру. I топ «Жерұйық»

Ұраны:

Өнердің тербеп бесігін,
Жерұйық тобы келіп тұр.

II топ «Жігер»

Ұраны:

Көрсетер сайыс барынды,
Өнер білім дарынды.
Жігерлі топ жігерден.

III топ «Тілстан»

Ұраны:

Ана тілім әрекетім азығы
Бар ғаламды тануымның қазығы

II. Бәйге

Ал келіндер, келіндер,
Біріңе-бірің еріндер,
Білімінді тексеріп,
Бәйгеге қатысып көріндер.
Бәйгеге түсіп жарыспай,
Жүйріктің бағы жана ма?
Білім мен өнер жарысып,
Тәрбие тәлім табар ма?
Бұл бәйге ойдың бәйгесі
Кім жүйрік ойға, сол алда, - дей отырып, бәйге кезеңін бастаймыз.

I топ «Жерұйық»

1. Түйенің пірі? (Ойсылқара)
2. Қазақтың тұңғыш ғарышкері. (Т. Әубәкіров)
3. Алдыңғы сөз соңғы сөзге бағына байланысқан екі не одан да көп сөздер табы. (Сөз тіркесі)
4. Өмірде болған адамның басына құрылған шығарма. (Аңыз)
5. Жердің серігі. (Ай)
6. Бөле деген кім? (Апалы-сіңілі қыздардың туған балалары)
7. ҚР қай материкте орналасқан? (Евразия)
8. Жылдамдықты қалай табамыз? ($V = s/t$)
9. Кубтың көлемін қалай табамыз? ($V = a \cdot b \cdot c$)
10. 1 км-де қанша метр бар? (1 км = 1000 м)

II топ «Жігер»

1. Тәуелсіздік күні (16 желтоқсан)
2. Шығыс септік жалғауын ата (-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен)
3. Қарлығаш әулие атанған кім? (Төле би)
4. Бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің қандай мүшесі? (Тұрлаулы)
5. Абайдың анасы (Ұлжан)
6. Ақ күріштің атасы (Ы. Жақаев)
7. Жер шарында қанша мұхит бар? Оларды ата. (Тынық, Атлант, Үнді, Солтүстік мұзды мұхиты)
8. Қашықты қалай табамыз? ($S = v \cdot t$)
9. Төртбұрыштың ауданын қалай табамыз? ($S = a \cdot b$)
10. Жиен деген кім? (Әкемнің апа, қарындасының баласы жиен болады)

III топ «Тілстан»

1. Республика күні қашан? (25 қазан)

2. Қазақтың билерін ата. (Төле, Әйтеке, Қазбек)
3. Сөздің одан әрі бөлінбейтін бөлігі? (Түбір)
4. Атау септіктегі сөздер сөйлемде не болады? (Бастауыш)
5. Алпамыстың анасы. (Аналық)
6. Жердің кішірейтілген үлгісі. (Глобус)
7. Уақытты қалай табамыз. ($T = s/v$)
8. Мұхиттардың ішіндегі ең үлкені. (Мұхит)
9. Нағашы жұрт деген кім? (Менің анамның аға, інісі, төркіні)
10. Сөйлем неден құралады? (Сөзден)

III. Ойлан, тап

(Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын ашу)

1. Қолы қолына жұқпау. (Өте шапшаң)
2. Бүйрегі бұрды. (Жақын тартты)
3. Аузы мұрны қисаймай. (Ұялмай)
4. Құлақ түрді. (Сөзге көңіл аударды)
5. Ана сүті аузынан кетпеген. (Жас, тәжірибесіз)
6. Жаным көзіме көрініп тұр. (Қиналып тұрмын)
7. Қой аузынан шөп алмас. (Момын, жуас)
8. Саусақпен санарлық. (Өте аз)
9. Жағасы жайлау, төбесі қыстау. (Уайым, қайғысыз тіршілік)
10. Ит арқасы қиянда. (Өте алыс)

IV. Туған елім – Қазақстан

5. ТМД қашан құрылды? (1991 ж. Желтоқсанда)
5. Ғарышқа жол қашан ашылды? (1957 ж. 4 қазанда)

5. Қазақстан жер көлемі жөнінен жер жүзі елдерінің ішінде нешінші орында? (9)

10. ЮНЕСКО-ның есебіне алынған Қазақстандағы тарихи ескеркіштерді ата. (Ахмет Иассауи, Алтын Адам)

10. Алматы қаласы эмблемасындағы мысық тектес жануар. (Қар барысы)

10. Тың жерді игеру қашан басталды? (1954 ж.)

20. Қазақстандағы дамыған шаруашылық. (Мал шаруашылығы)

20. Жоңғарлармен соғыста үш жүздің басын біріктірген хан. (Абылай хан)

20. ҚР ұлттық теңгесі айналысқа қашан енгізілді? (1993 ж. 12 қараша)

V. Мақал-мәтел – сөз атасы

1. Оттан да ыстық. (Отан – оттан да ыстық)

2. Ер қаруы нешеу? (Ер қаруы – бес қару)

3. Ер неше рет, қорқақ неше рет өледі? (Ер бір рет, қорқақ мың рет өледі)

4. Не адамның арқауы? (Ас – адамның арқауы)

5. Тауықтың түсіне не кіреді? (Тауықтың түсіне тары кіреді)

6. Адамның қай мүшесі батыр, қай мүшесі қорқақ? (Көз – қорқақ, кол – батыр)

7. Не қылыштан да өткір? (Тіл – қылыштан да өткір)

VI. Жеті жұрттың тілін біл

1. Жазу жазып жалықпаған Жаза-жаза арықтаған. (Бор – мел – chalk)

2. Айналада ақ отау,

Аузы-мұрны жоқ отау. (Жұмыртқа – яйцо – egg)

3. Таста бар,
Бір арба келіншек
Әр келіншектің басында
Бір-бір түйіншек. (Сіріңке – спичка – matches)

4. Үстіне тігіп көк шатыр,
Астында қызыл дәу жатыр. (Қызылша – свекла – beetroot)

5. Танымасын танымас
Бейтанысқа қаны қас. (Ит – собака – dog)

6. Көзін ашады,
Көзін жұмады.
Сыбысын білдірмей,
Ақырын басады. (Мысық – кошка – cat)

7. Аяғы бар, басы бар,
Арқалаған тасы бар. (Тасбақа – черепаха – turtle)

Қорытынды: Міне, балалар, бүгінгі сайысымыз да өз мәресіне жетті. Ендігі кезекті әділдікті айтатын әділ қазылар алқасына береміз. (Әділ қазылар сөйлейді)

Жетік білсең тілінді,
Боласың сонда білімді.
Қазақ тілін құрметтеп,
Талапқа сай бүгінгі, - дей келе, қазақ тілін әлемге танытар болашақ ұрпақ сендерсіңдер!

**Индира Дабылқызы
ӘЛІШБАЕВА,**

**Шахта орта мектебінің бастауып
сынып мұғалімі.
Таушық ауылы,
Түпқараған ауданы,
Маңғыстау облысы.**

Сынып көшбасшысы

Мақсаты:

а) Оқушылардың ынтасын, қызығушылығын арттырып, өзінің жауапкершілігін сезіне білуіне және өз бетімен жұмыс істеуге жұмылдыру;

ә) Оқушылардың жан-жақты ойлануын, ізденуін дамытып, есте сақтау қабілетін қалыптастыру;

б) Өз елінің, халқының қамын ойлайтын азамат тәрбиелеу.

Көрнекілігі: плакаттар, сандар, қызықты мәліметтер жазылған буклеттер.

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Бүгінгі өткелі отырған «Сынып көшбасшысы» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

Жер бетінде адам өмір өткізер.

Бар нәрсеге білім қолды жеткізер

Бар ізгілік тек білімнен алынар,

Білімменен аспанға жол салынар,
— деген сөзге құлақ салайық. Әрбір азамат Қазақстанның тілін, салт-дәстүрін, елтаңбасын, туын, әнұранын тұмардай тануы қажет. Елдігіміздің саналатын бір тұсы осы. Осылайша бүгінгі тәрбие сағатымызды ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Хормен әнұран орындалады.

- Олай болса, бүгінгі сайыскерлеріміз ортада. Әр сайыскерлер өздерін таныстырып өтеді.

Сайыс 6 кезеңнен тұрады.

1-кезең: Көкпар. Тақырып: Менің Астанам. 10 ұпай;

2-кезең: Бәйге. Тақырып: Салт-дәстүр. 10 ұпай;

3-кезең: Полиглот. 20 ұпай;

4 кезең: Тамаша төрттік, ұяшық;

5-кезең: Егер де мен... 20 ұпай;

6-кезең: Кім шапшаң? 30 ұпай.

1-кезең: Көкпар. Тақырып: Менің Астанам.

Жауап берген ойыншы 10 ұпай алады.

1. Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? (Астана)

2. Қай күн Астананың туған күні деп аталады? (6 шілде)

3. Астана қаласында қандай ғимараттар орналасқан? (Үкімет үйі, Парламент үйі, министрліктер үйі)

4. Астана қаласының үйлері, көшелері қандай? Сипаттап беру. (Көшелері кең, таза)

5. Астана қаласындағы қандай тарихи ескерткіштерді білесің? (Абжай, Отан қорғаушыларға және үш биге қойылған ескерткіштер)

6. Астана бас қала болып қай жылы құрылған? (1997 жылы)

2-кезең. Бәйге. Тақырып: Салт-дәстүр.

Қол көтеріп жауап беру, дұрыс жауап 10 ұпаймен бағаланады.

1. Бір ғасыр өтсе де, бұзылмай сақталатын тағамды атаңыз. (Құрт)

2. Қазақтың бес қаруын атаңыз. (Садақ, шоқпар, найза, қылыш, айбалта)

3. Қонақтың қандай түрлері болады? (Құдайы қонақ, қыдырма қонақ,



арнайы қонақ, кәделі қонақ, т.б.)

4. Ана қолөнері қандай? (Ою-өрнек, тоқыма, кілем, сырмақ, текемет тоқу)

5. Наурыз көже неше түрлі тағамдардан дайындалады? (7 түрлі тағамнан)

3-кезең. Полиглот. Ұпайы аз 2 оқушы (көп тілді білетін маман) мақал-мәтелдердің сыңарын тауып, жұмбақ шешуі керек және қазақ тілінде, орыс, ағылшын тілінде айту қажет.

Жауапқа 20 ұпайдан беріледі.

1. Айналада ақ отау, ... (аузы — рот — mouth, мұрын — нос — nose) жоқ отау.

2. Ти десем тимейді, тиме десем тиеді. (Ерін — губы — lips)

3. Ақ сандығым ашылды, ішінен жібек шашылды. (Күн — солнце — sun).

4. Қабат-қабат қаттама, Ақылың болса аттама. (Кітап — книга — book)

5. Батыр туса ел ырысы, ... жауса жер ырысы. (Жаңбыр — дождь — rain).

6. Отан — оттан да ... (ыстық — жарко — hot).

Ұпайы аз екі ойыншы шығады.

4-кезең. Тамаша төрттік ұяшықты ашу.

10 ұпай. Шәкәрім Құдайбердиев.

10 ұпай. Сөздерден, сөз буыннан, буын дыбыстан құралады.

20 ұпай. Ахмет Байтұрсынов.

20 ұпай. Бір түбірден бірнеше туынды сөз жасала береді, ондай сөздерді түбірлі сөздер дейміз.

30 ұпай. 1 ауыстырымдылық, 2 терімділік.

30 ұпай. Топырақ.

40 ұпай. 64, 27, 81, 8.

40 ұпай. Термометр.

50 ұпай. Жанды сұрақ, видеотаспадан көру. Бұл қай көл? Қай облыста, қай ауданда орналасқан? Есік көлі, Алматы облысындағы Есік ауданында орналасқан. (Есік көлі).

5-кезең. Егер мен...

Бұл сайыстан дұрыс жауап берген ойыншы 20 ұпай ала алады.

Сайыскерлердің әр түрлі қиын жағдайлардан құтылуы амалдары ұсынылады.

1. Егер де досың сенен сабаққа бармауды өтінсе, оның қалтасында біраз ақша бар делік және ол бір қызықты фильмге барғалы тұр. Сен сол фильмді көргің келеді. Сен қандай шешім қабылдар едің? Егер мен...

2. Егер сенің досың шылым шеге бастаған болса, сен не істер едің?

3. Егер сенің кіші інің немесе қарындасың (сіңілің) мектеп оқушыларынан жиналған ақшаларын жұмсап қойды делік, мектептен талап етіп жатыр, ал ол болса не істеу керек екендігін білмейді. Сен қайтер едің?

4. Егер абайсызда әкенің сүйікті қолсағатын бұзып алдың делік, не істер едің?

Ұпайы аз екі ойыншы шығады.

6-кезең. Кім шапшаң? 30 ұпай беріледі және әр сұраққа 5 минуттан уақыт беріледі.

1. Құнанбаев есімі. (Абай)

2. Біздің Отанымыз қай ел? (Қазақстан)

3. Әліппенің атасы. (Ахмет Байтұрсынов)

4. Біздің рәміздерімізге не жатады? (Елтаңба, ту, әнұран)

5. Білімді қайдан аламыз? (Мектептен)

6. Мектеп директорының аты-жөні. (...)

7. Білім беруші тұлға. (Ұстаз)

8. Төрт түлікті ата. (Қой, ешкі, сиыр, жылқы)

9. Білім алушы. (Шәкірт)

10. Өлең жазушы адам. (Ақын)

11. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді? (3)

12. Осы қазір қай мезгіл? (Қыс)

13. ҚР Президентін ата (Қ. Тоқаев)

14. Адам көркі не? (Шүберек – киім)

15. Сыныпта неше оқушы бар? (20)

16. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі кім? (...)

17. Барлығы неше пән оқимыз? (12)

18. Тіл не үшін қажет? Сөйлеу үшін.

Қорытынды.

Сыныптың ең үздік деп танылған көшбасшысын хабарлау. Қатысушы оқушыларды марапаттау.

Г. БЕРИМБАЕВА

**№39 орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.**

Еңбекші ауылы,

Талғар ауданы,

Алматы облысы.

Қош бол, сүйікті Әліппем!

Мақсаты: оқушылардың алған білімдерін тиянақтау, өз өнерлерін ата-аналарына көрсету, эстетикалық талғамдарын кеңейту, ана тілін сүйіп, қастерлеуге тәрбиелеу.

Көрнекілік: Әліппеге көп рахмет! Қош бол, сүйікті Әліппем! сөздері жазылған плакат, шарлар, гүлдер.

Барысы:

I. Ұйымдастыру.

Музыка ойнап тұрады. Балалар қолдарына гүлдер, шарлар ұстап екі-екіден кіреді.

II. Ертеңгілікті ашу.

Мұғалім: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, ата-аналар! Кеше ғана имене мектеп табалдырығын аттаған жас

бүлдіршіндер бүгін саналы оқушы болып, ғылымның атасы Әліппені бітіріп отыр.

Әліппені бітірді балаларым,

Әліппеден нәр алған даналарым.

Өзі оқып жазатын халге жетті,

Құтты болсын қадамы балалардың.

Ал ендігі сөз кезегін оқушыларға берейік.

I жүргізуші:

Қош келіпсіз, ақ жаулықты аналар,

Жүздеріңнен мейірім мен нұр тамар.

Алдарыңда жауқазындай құлпырған,

Біз алаңсыз балғын шақты балалар.

II жүргізуші:

Көз салып қараңызшы бойымызға,

Ортақ боп бүгінгі өскен ойымызға.
Хош келіпсіз, ұстаздар, ата-аналар,
Әліппемен қоштасу тойымызға.

I жүргізуші:

- Балалар, естерінде ме, алғаш рет
мектеп табалдырығын аттап, сыңғыр-
лаған қоңырау үнін естіген күндерін
қай күн?

- Бірінші қыркүйек.

II жүргізуші:

- Балалар, қызықтап қолымызға ал-
ғаш ұстаған оқулығымыз қандай кі-
тап?

- Әліппе.

- Олай болса, бәрімізге ең қымбат —
Әліппені ортаға шақырайық.

Балалар хормен: Әліппе, әліппе!

Әліппе:

Менің атым — Әліппе,
Мені анандай дәріпте.
Мені оқып ер жеткен,
Ағаң менен әпкең де.
Армысындар жас достар!
Армысындар, ата-ана!
Болашаққа жол бастар,
Әліппең келді ортаға.

- Балалар, сендер мені оқып тауыс-
тындар, әріптерді жақсы меңгердің-
дер, олардың басын құрап сөз, сөйлем
оқи аласындар. Менен нені үйрендің-
дер, соны ортаға салындар:

Оқушы:

Әліппем, менің, Әліппем!
«А» деген бастап әріптен
Сөз құрап, жаза бастадым.
Тақылдап таңба танып мен.

Оқушы:

Әліппем, менің, Әліппем!
Сені қолға алып мен.
Есігін аштым білімнің,

Ертеңгі сәуле жарықпен.

Оқушы:

Әліппем, менің, Әліппем!
Өмірді келем танып мен.
Қайталап айтам мың рет,
Өзіңе көп-көп рахмет!

Оқушы:

Ең алғаш алғанымда Әліппені,
Қызыға қарай бердім әріптерді.
Мен үшін жұмбақ болып қалар ма
еді,

Ұстазым оның кілтін алып берді.

«Әліппе туралы» ән.

Жүргізуші:

- Балалар, Әліппеден қанша әріп
оқып, жазып үйрендіңдер?

- 42 әріп.

Ендеше сөз кезегін әріптерге бере-
йік.

Оқушы:

Алфавиттің «А» тұрады басында,
Әрқашанда «Ә» тұрады қасында.
Байқадың ба?

«Б» тұрады үшінші,
Ал осының сыры неде түсінші!

Оқушы:

«А» деген ол — аналар ғой ардақты,
«Ә» деген ол — әкелер ғой салмақты.
«Б» деген ол — балалар ғой әдемі,
Біздің елде үшеуі де кәделі.

Оқушы:

А дегенім — алғыс, ақыл, адалдық.
Ә дегенім — әдеп, әсем, әділет.
Б дегенім — білім, бақыт, балалық.
Ғ дегенім — ғылым, ғалым, ғарыш-
кер.

Оқушы:

Д дегенім — достық, дарын, дана-
лық.

Е дегенім — еңбек, ерлік, еліміз.

Ж дегенім — жолдас, жақсы, жаңалық.

З дегенім — зейін, зерек, зергерлік.

Оқушы:

И дегенім — игілік, иба, инабат.

К дегенім — кітап, кәсіп, кәмпит қой.

Қ дегенім — қажыр, қайрат, қолғанат.

М дегенім — мектеп, мақсат, мархабат.

Оқушы:

Н дегенім — нан, намыс, нысана.

О дегенім — Отан, оқу, ой-сана.

Ө дегенім — өнеге, өжет, өр, өнер.

П дегенім — парыз, пікір, парасат.

Оқушы:

Р дегенім — рақмет, риза, рахат.

С дегенім — сенім, серік, сәт, сыйлас.

Т дегенім — ту, талап, талант, тақия.

Оқушы:

Барлық әріп бағалы,

Айттық әділ бағаны.

Әріпсіз сөз болмайды.

Адам барлық әріпті,

Ардақтайды қолдайды.

Әліппе: Балалар! Сендер менімен ғана достасып қойған жоқсындар, сонымен бірге қандай пәндерді оқыдыңдар?

Оқушылар: математика, дүниетану, бейнелеу өнері, ән сабағы, дене шынықтыру.

Әліппе:

Ретімен тізбелі

Әрбір санды даралап,

Қайсың барсың бізге енді,

Айтып берер санамақ?

Оқушы: 1 дегенім — бесік,

Шықтың содан өсіп.

Оқушы: 2 дегенім — елім, Далам, тауым, көгім.

Оқушы: 3 дегенім — үміт, Үміт артар жігіт.

Оқушы: 4 дегенім — төзім, Төзе білем өзім.

Оқушы: 5 дегенім — бақыт, Бағалайтын уақыт.

Оқушы: 6 дегенім — ақыл, Тындағаның мақұл.

Оқушы: 7 дегенім — жалау, Жүректегі алау.

Оқушы: 8 дегенім — сөзің, Серт беретін кезің.

Оқушы: 9 дегенім — тоқтау, Елдің жоғын жоқтау.

Оқушы: 10 дегенім — Отан, Қорға соны, ботам.

Жүргізуші: Балалар, біз әліппеден әріп үйреніп, оқып, жазып қана қоймай, әдепті болуды, үлкенді сыйлауды да үйрендік. Ал енді қазір «Әдептілік әлеміне» саяхат жасайық.

Оқушы:

Қарсы ал ерте күн көзін,

Төсегінді жина өзің.

Асықпай іш тамақты,

Жалама аяқ-табақты.

Оқушы:

Пышақты ұста оң қолмен,

Шанышқыны сол қолмен.

Нанды үгітпе қадірле,

Қабығымен бәрін же.

Оқушы:

Саусағыңды сормағын,

Салдыр салақ болмағын.

Салма аузыңа инені,

Үзбе жұлып түймені.

Оқушы:

Ашуланбай долданып,
Жауап бергін ойланып.
Құр бекерге қылтима,
Болмашыға бұртима.

Оқушы:

Мақсат қоймай алдына,
Қыдырып тұр қаңғыма.
Сыйлап үлкен кісіні,
Қамқорлыққа ал кішіні.

Оқушы:

Сақта көше тәртібін,
Бағдаршамның ал тілін.

Оқушы:

Әдет қыл бұл ісінді,
Тазалап жүр тісінді.

Жүргізуші: Ал енді, балалар, Әліппеміз асығып тұр, басқа мектептерде де сендер сияқты 1-сынып оқушылары Әліппемен қоштасып жатыр, солардың мерекелерін көрмекші.

Оқушы:

Әліппені бітірдім,
Жаза аламын атымды.
Әліппені бітіріп,
Бала болдым ақылды.

Оқушы:

Қош бол, құтты Әліппем,
Көп нәрсені үйреткен!
Таныстырып әріппен,
Тақылдатып сөйлеткен.

Оқушы:

Әліппемен қош айтысып қаламыз,
Енді қолға Ана тілін аламыз.
Ата-ана қуанышқа ортақ бол,
Сауатты боп шықты міне балаңыз!

Әліппе: Балалар, рақмет сендерге! Ана тілі оқулықтарыңды жақсы оқыңдар!

Кір шалмасын беттерін,
Таза болсын оқулық пен дәптерің.

Оқығаның есте болсын,
Күнделіктерің беске толсын! Қош-сау, болыңдар!

Оқушылар: Қош бол, құтты Әліппе!

Ана тілі: Армысындар, жас достар! Менің атым «Ана тілі». Енді мені оқытын боласындар. Мен сендерге көп қызықты әңгімелер айтып беремін, сауатты жазуға үйретемін. Мені ынта қойып оқысандар, көп нәрсе үйренесіңдер.

Жүргізуші:

«Әліппе» оқуға
Үйреткен әр күні
Кім, атын атай ғой?

Оқушылар: (хормен) Мұғалім апай ғой.

Жүргізуші:

Анандай аяулы
Мәпелеп өсірген.
Кім, атын атай ғой?

Оқушылар: Мұғалім апай ғой.

Жүргізуші:

Үйретіп санауды
Көп еңбек сіңірген
Кім, атын атай ғой?

Оқушылар: Мұғалім апай ғой.

«Мұғалім — ол біздің» әні орындалады.

Оқушылар:

Бәрімізді сүйіп өткен,
Балаларға үйреткен,
Әліппемен, ұстазға
Бас иеміз құрметпен!

Мұғалім: Сендердің Әліппені жақсы меңгеріп, сауатты болуларыңа ата-аналардың да қосқан үлесі мол. Сондықтан да ата-аналарымызға да рақмет айтайық!

Балалар: Бақытты балалық шағы-

мыз үшін, рақмет саған, ата-ана!

Мұғалім:

Балалардың білімі құтты болсын.

Әрқашанда денсаулығы мықты болсын.

Білімдерін әрі қарай дамытатын,

Ерінбейтін, еңбекқор, мықты болсын!

Ертеңгілік мектеп басшыларының,

ата-аналардың құттықтау сөзімен аяқталады.

Зауре Дармешқызы КАСЕНОВА,
Маяковский атындағы орта
мектептің бастауыш сынып мұғалімі.
Қалбатау ауылы,
Жарма ауданы,
Абай облысы.

Бөкей ордасының соңғы ханы

Жәңгір ханның 220 жылдығына арналған интеллектуалды ойын сценарийі.

Мақсаты: жастарға өлке тарихын, Бөкей ордасының құрылуы, оның мұрагері — Жәңгірдің кезіндегі халықтың жағдайы, Жәңгір ханның өз заманында білімді-білікті тұлға екендігіне сипаттама беріп, бойындағы жақсы қасиеттерін, халыққа жасаған игі істерін бағалап, оқушылардың бойында патриоттық сезім қалыптастырып, адамгершілік тәрбие беру, кеңінен таныстыру.

Түрі: интеллектуалды ойын.

Әдісі: сұрақ-жауап.

Безендірілуі: слайд, кітап көрмесі және виртуалды кітап көрменің көрсетілімі.

Хан болған Кіші жүзде Нұралы еді,
Төренің арқар деген ұраны еді.

Қараға хан баласы хәкім болған -

Ежелден келе жатқан мұра еді.

Шернияз Жарылғасұлы

Ойынның жүру барысы

Жүргізуші: Әкесі Бөкей хан, атасы Нұралы хан, бабасы Әбілқайыр хан, арғы атасы әз-Жәнібек, түп-тұқиясы Шыңғыс хан болған Жәңгір хан еді. Нұралы хан қазақ елінің Кіші жүзін қырық жыл басқарған.

I бөлім: «Арты — Жайық, алды — Еділ» (Бөкей ордасы, Әбілқайыр хан туралы);

II бөлім: «Жасқұс орда — Жәңгірдің жер ұйығы», «Ай белгілі ақ мешіт»;

III бөлім: «Ордадағы алғашқы қонырау», «Университеттің құрметті мүшесі».

I бөлім: «Арты — Жайық, алды — Еділ»

1-топқа сұрақ: Бөкей ордасы не үшін құрылды?

2-топқа сұрақ: Әбілқайыр хан Ресей

патшалығы одағына не себепті кірді?

II бөлім: «Жасқұс орда – Жәңгірдің жер ұйығы», «Ай белгілі ақ мешіт».

Жүргізуші: Қасиетті Түркістаннан кейін қазақ хандарында орнықты астана болмады. Түркістанның төрінде соңғы рет отырған хан – Жәңгірдің бабасы. Әбілқайыр еді. Сөйтіп, «әуелгі хандар салмаған» (Байтоқ жырау) астананы Еділ бетіне келіп, Жәңгір көтеруге бел байлады. Хан алдымен Астархан губернаторы Иван Поповпен келісіп, құт мекен іздеді. Алғашқыда Каспий теңізі жағасынан қолайлы орын тапқанымен, ол графиняның иелігі болып шықты. «Бұдан әрі ашық дала, жел өті болғандықтан, болашақ ордаға Нарын құмынан қоныс тапқандаймын», - деп хабарлайды губернаторға, 1825 жылы 11 сәуірдегі хатында. Сөйтіп болашақ астанаға жерұйық іздей жүріп, Жәңгір Жасқұсқа табан тіреді.

1-топқа сұрақ: «Жасқұс орда – Жәңгірдің жер ұйығы»

1. Не себепті Жасқұсты таңдады?

2. Хан үйінің іргесін көтеруді Орынбор басшылары кімге тапсырды?

3. Ордада бір ерекше бөлме болды. Мәдениеттің, тарихи-рухани мұралар, жәдігерлердің заттық көрінісі жинақталды. Ол қандай бөлме?

Жүргізуші: Хан резиденциясында болған Қазан университетінің профессоры Модест Киттары Орданы сипаттап былайдеп жазды: «...Орда ең үлкен солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған төрт бұрышты кварталдан тұрады, қақ ортасында хан үйі орналасқан. Он екі терезесі бар, дәл ортада терраса-

ға шығатын есік, террасаның үстіне балкон жасаған. Оны он алты әдемі ақ бағана тіреп тұр». Хан үйінің ішкі салтанатынан еуропалық тұрмыстың ауқаттылығы мен талғамын байқауға болады.

II топқа сұрақ: «Ай белгілі ақ мешіт»

1. Жәңгір хан өзге ұлт өкілдеріне шіркеу салынсын деген I Николай ұсынысын қабылдады ма?

2. Жәңгір хан өлкеде ислам дінін дамыту саласында қандай жұмыстар атқарды?

3. Ханның Жасқұстағы үйінің 23 бөлмесінің бірінде өнер-білімнің заттық көрінісі сақталды. Ол қандай бөлме?

III бөлім: «Ордадағы алғашқы қоңырау»,

«Университеттің құрметті мүшесі».

Жүргізуші: «Біздің қазақта да бір нәрсеге ден қойып, білім алып, қараңғылық халден шығатын кез жетті. Бұл істің бастамасын мен мектеп оқушылары мен мектеп ашу арқылы жүзеге асырғым келеді», - деп Қазан университетіне арманын айтқан екен.

1-топқа сұрақ:

1. Жәңгір хан қандай тілдерді білді?

2. Қандай оқу орнын бітірді?

3. Жәңгір хан ордада не себепті мектеп ашты?

4. Мектептің тұңғыш қоңырау қағу салтанатына қатысқан Орынбор шеңеуліктері қатты таңданған екен, себебі табалдырық аттаған шәкірттеріне шашу шашылыпты және

5. Жәңгір мектебін бітірген шәкірттер Орынбордағы қай училищеге түсетін еді?

6. Жәңгір мектебінде қандай пәндер оқытылды?

7. Алғашқы Жәңгір мектебінің табалдырығын неше бала аттады?

2-топқа сұрақ:

1. Хан білімін қалай көтерді?

2. Ханның кітапханасында қандай тілдерде жазылған кітаптар болды?

3. Жәңгір хан қай жылы мектеп ашты?

4. «Кез-келген шығын егер ол жастарды оқытуға жұмсалар болса, жүз есе қайтарым беретінін» қалай түсінесіз?

5. Мектепте шәкірттер қай тілдерде жазу-сызу үйренді?

6. Мектептің қамқоршысы әрі инспекторы кім болды?

7. Жәңгір мектебін бітіріп, Неплюев кадет корпусына аттанған алғашқы шәкірттердің есімдері кім?

Екі топтың ұпайлары есептеледі, ойын қорытындыланады.

Қорытынды:

Бүкіл ғұмырын ат жалында өткеріп, елі мен жерінің азаттығы мен тәуел-

сіздігін сақтау жолында жауларымен алысып, арпалысып өткен қазақ ханы – Жәңгір хан нағыз ерлерше, нағыз батырлардай қан майданда қаза табады. Оның денесі Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің жанына қойылады. Жәңгір ханға дейін кесене жанына әкесі Есім хан, көкесі, яғни Есім ханның ағасы Ондан Сұлтан, туған ағасы Жәнібек хан және тағы басқа белгілі тұлғалар жерленген болатын. Оның да осы қалада жерленуін қалыптаса бастаған дәстүрдің сақталуынан деп есептейміз. Жәңгірдей тарихи тұлғаларымызды танып-біліп жүрейік. Келесі кездескенше!

**Жаңылсын Есмырзақызы
СУХАНОВА,**

«Атырау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі»

КММ-не қарасты №7 қалалық кітапхана меңгерушісі.

Атырау қаласы.

Сынып дарабозы

Мақсаты:

1. Оқушылардың барлық пәндер бойынша алған білімдерін тексеру;

2. Оқушылардың сөздік қорларын молайту, дүниетанымдарын кеңейту, тіл байлығын, шығармашылық қиялын, логикалық ойлау қабілетін дамыту;

3. Болашаққа өз үлесін қоса білетін, ізде-німпаз ұрпақ етіп тәрбиелеу. Туған тілімізді

сүюге, басқа тілдерді қадір тұтуға, туған елін, жерін құрметтеуге, жан-жақты білімділікке баулу

Көрнекілігі: ұлағатты сөздер, айналым аттары, сұрақтар жинағы

Сабақтың барысы:

- Құрметті, ұстаздар, оқушылар 3 «А» сыныбында өтілетін «Сынып дарабозы» атты сайысына қош келдіңіздер. Сайысымызды

бастамас бұрын айналымдармен танысайық. Сайыс 4 айналымнан тұрады. Әрбір дұрыс жауап үшін қатысушыларға 5 ұпай беріледі.

1-айналым «Ұшқыр ой»;

2-айналым «Қызықты төрттік»;

3-айналым «Полиглот»;

4-айналым «Ұлт тірегі».

1-айналым. «Ұшқыр ой». Бұл айналымда әр оқушы сұрақтарға жылдам жауап беру керек. *(Сайысқа қатысатын оқушылармен таныстыру)*

Сұрақтар:

1. ҚР Тәуелсіздігін қашан жариялады? (16 желтоқсан 1991 жыл)

2. Мемлекеттік рәміздерді ата? (Елтаңба, Ту, Әнұран)

3. Абылай ханның шын аты кім? (Әбілмансұр)

4. Қазақтың ұлттық аспабы (Домбыра)

5. Қазақтың тұңғыш ғарышкері кім? (Т. Әубәкіров)

6. Заттың атын білдіретін сөздер? (Зат есім)

7. Дарабоз атанған батыр кім? (Қабанбай батыр)

8. Жылдың 4 мезгіліне өлең жазған ақын кім? (Абай)

9. Атағы әлемге әйгілі қазақ палуаны кім? (Қ. Мұңайтпасов)

10. Мектептегі ең жақсы баға (5)

11. Иіс сезу мүшесі (Мұрын)

12. Ұзындық өлшем бірлігі? (мм, см, дм, м, км)

13. Әр адамның шағын отаны? (Отбасы)

14. Бір жұмыртқа 5 минутта піседі, 4 жұмыртқа неше минутта піседі? (5 минут)

15. Қай құс ерте келеді? (Наурыз торғай)

16. Астана қаласы қай өзеннің бойында орналасқан? (Есіл)

17. Бүгін аптаның қай күні?

18. Абайдың әжесі кім? (Зере)

19. Ең үлкен екі таңбалы сан? (99)

20. Судың үш күйін ата? (Қатты, сұйық, газ)

21. Мәтін түрлерін ата? (Әңгімелеу, сипаттау, пайымдау)

22. Басты байлық не? (Денсаулық)

23. Қазақ даласының жарық жұлдызы? (Ш. Уәлиханов)

24. Адам денесінің тірегі. (Қаңқа)

25. Картада таулар қандай түспен боялған? (Қоңыр)

26. Рейхстаққа ту тіккен кім? (Р. Қошқарбаев)

27. Қалталы аң (Кеңгіру)

Ұшқыр ойға серік болсын шеберлік,

Сөз кезегін қазыларға берелік.

Арамызда тапқыш достар көп екен,

Солардың біз нәтижесін көрейік, - деп ендігі сөзді қазылар алқасына береміз

2-айналым. «Қызықтық төрттік»

Бұл айналымда негізгі пәндер бойынша сұрақтар дайындалады. Ұпайлар астында сұрақтар жасырылған.

Математика

10 балл — 6 м. бөренені 1 метрден неше метр жерден кесуге болады? (5 жерден)

20 балл — шаршы дегеніміз не? (Барлық қабырғасы бірдей тік төртбұрыш)

30 балл — 1 сыйлықты орауға 70 см жылтыр қағаз керек. 9 сыйлыққа неше см қағаз керек? (630 см)

40 балл — ұзындығы 600 см жіптің $\frac{1}{2}$ бөлігі неше см болады? (300 см)

Қазақ тілі

10 балл — қосымшаның түрлерін ата? (Жалғау, жұрнақ)

20 балл — түбір сөз дегеніміз не? (Сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, лексикалық мағынасын сақтаған негізгі бөлігі)

30 балл — жалаң, жайылма сөйлем дегеніміз не? (Жалаң сөйлем тек тұрлаулы мүшеден ғана құралған сөйлем, жайылма сөйлем жалаң сөйлемнің құрамына тұрлаусыз мүшелердің біреуі не бірнешеуі енгізілуі арқылы жасалған жай сөйлемнің түрі)

40 балл — Қаратпа сөзді тап. «Шырағым, Кәмәш, мына қарасақалдың баласы саған бүлдірген әкеліпті». (Қаратпа сөз — Кәмәш)

Ана тілі

10 балл — «Күлпаш» әңгімесін кім жазған? (Б. Майлин)

20 балл — Құрманғазының шәкірті кім? (Дина Нүрпейісова)

30 балл — Ы. Алтынсарин кім? Оның қандай шығармаларын білесің? (Ол — ағартушы ғалым, шығармалары — «Таза бұлақ», «Баланың айнасы», «Өзен»)

40 балл — «Алдияр тақсыр, мәртебеніз өсе берсін. Төре баламыздың Әмсе жолы болсын, тәңірісі пана болсын, - деп үлкен жер қорушы қолын жайып батасын берді» қай әңгімеден үзінді? («Мейірім»)

Дүниетану

10 балл — қол сүйектерін ата? (Қар сүйек, шынтақ сүйек, шыбық сүйек)

20 балл — жер бетінің қағазға өте кішірейтіліп салынған бейнесін не деп атаймыз? (Карта)

30 балл — жерге жақын тұрған және күндіз ғана болатын жұлдызды ата? (Күн)

40 балл — денелер нешеге бөлінеді? (Табиғи денелер, жасанды денелер)

Жүргізуші: Құрметті қазылар алқасы, «Қызықты төрттік» айналымының бағаларын берулеріңізді сұраймыз.

3-айналым. «Полиглот». Бұл айналымда «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - деп Қадір Мырзалиев ағамыз айтқандай, өз ана тілімізбен қоса орыс тіліндегі білімдерін сараланады.

Жұмбақтар.

1. Мамықтай ұлпа, қанттай ақ,
Қыста жер бетін басады.
Жазда сайға қашады. (Қар — снег — snow)
2. Сөзі дана, үні жоқ,
Сөйлемейді тілі жоқ,
Қолына алсаң, шешен,
Ақылы асқан көсем. (Кітап — книга — book)

3. Сырты жасыл, қап-қатты,
Іші қызыл тәп-тәтті. (Қарбыз — арбуз — watermelon)

4. Жазу жазып жалықпаған,
Жаза-жаза сарқылған. (Бор — мел — chalk)
5. Қалқиып екі құлағы,
Елендеп қорқып тұрады. (Қоян — заяц — rabbit)

6. Тарыдай болып кіресің,

Таудай болып шығасың. (Мектеп — школа — school)

7. Алты қырлы,
Алты сырлы. (Қарындаш — карандаш — pencil)

8. Бұдан кір қорқады,
Судан бұл қорқады. (Сабын — мыло — soap)

4-айналым. «Ұлт тірегі». Бұл айналымда ұпай саны аз 2 оқушы ойыннан шығады, 2 оқушы қалады.

1-оқушыға сұрақтар:

1. Есту мүшесі? (Құлақ)
2. Орман дәрігері? (Тоқылдақ)
3. Үш биді ата? (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би)
4. Балды жақсы көретін аң? (Аю)
5. Сын есім дегеніміз не? (Заттың сынын білдіретін сөздер)
6. 9×8 ? (72)
7. Қабанбайдың шын аты кім? (Ерасыл)
8. Қазақстандағы тұзды теңіздер мен көлдерді ата? (Каспий, Арал, Балқаш, Алакөл)
9. 1 кг мақта ауыр ма? 1 кг темір ауыр ма? (Екеуі тең)
10. Соңында түлкі жеп қоятын ертегі қалай аталады? (Бауырсақ)
11. Үнді дауыссыз дыбыстарды ата. (Р, л, м, н, ң, у)
12. Ең үлкен үш таңбалы санға 1-ді қосса неше болады? ($999 + 1 = 1000$)

2-оқушыға сұрақтар:

1. ҚР мемлекеттік тілі? (Қазақ тілі)
2. Күйді орындайтын адам? (Күйші)
3. «Қыс» өлеңінің авторы кім? (Абай)
4. $8 \times 7 = ?$ (56)
5. Ұяң дауыссыз дыбыстарды ата? (Б, в, г, ғ, д, ж, з)
6. Сухомлинский қай елдің жазушысы? (Орыс)
7. Адамның ішкі мүшелерін ата? (Өкпе, бауыр, бүйрек, ішек, жүрек, ми, қарын, қуық)
8. 1 сағатта неше минут бар? (60)
9. Тұрлаулы мүшелер дегеніміз не? (Бастауыш, баяндауыш)
10. Абылай ханға Төле бидің қойған аты? (Сабалақ)

11. Желтоқсан оқиғасы қай жылы болды?
(1986)

12. Бір ата мен әженің 5 баласы, 3 ешкісі,
5 қойы, 2 түйесі бар. Олардың неше баласы
бар? (5 баласы)

Қорытынды.

Сөз қазылар алқасына беріледі. Жеңімпаз
оқушыны анықтап марапаттау.

Бибайша Құрманбековна
АЙДЕКОВА,

«№14 Қ. Қайсенов атындағы жалпы орта
мектебі» КММ-нің

бастауыш сынып мұғалімі.

Атамұра ауылы,

Мақтарал ауданы,

Түркістан облысы.

Бірлігі жарасқан елміз



Гаухар
СҮЙЕУОВА,
«Айназ» жекеменшік
балабақшасының
тәрбиешісі.

Шетпе ауылы,
Маңғыстау ауданы,
Маңғыстау облысы.

Мақсаты: Балалардың бірлік, ын-
тымақтастық туралы түсініктерін ке-
ңейтіп, көп ұлты халқымыздың ты-
ныштығы мен бірлігін нығайтуға ат
салысатын азамат болуға тәрбиелеу.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті
қонақтар, қадірлі балалар! Қазақстан
халқының ынтымағы мен бірлігі күні
құтты болсын!

1 мамыр — Қазақстан халқының бір-
лігі күні мерекесі қарсаңында «Бірлігі
жарасқан елміз» атты ертеңгілігімізге
қош келдіңіздер!

Олай болса ортаға «Бәйтерек» және
«Құлыншақ топтарын шақырамыз.

Жүргізуші:

Тілі басқа тілегі бір біргеміз,
Өздеріңмен жүздесеміз күнде біз.

Мақсат ортақ, бейбітшілік ұран боп,
Татулықтан бұзылмасын іргеміз.

Жүргізуші: Біздің Республикамызда
100-ден аса ұлт өкілдері тұрады.

Қазақстандағы барлық ұлттар бір-
бірімен дос, тату-тәтті өмір сүреді.
Осы достыққа арналған ән-жырлары-
мызды бастайық.

ҚР Әнұраны орындалады.

Жүргізуші: Балалар бізге әр ұлт өкіл-
дері қонаққа келді. Олар ортаға өнер-
лерін көрсетпекші. Енді балалары-
мыздың 1 мамырға арнап дайындап
келген тақпақтарына кезек берейік.

1-бала:

Мамыр қандай, шіркін-ай, мамыр
қандай!

Айнала жасыл кілем жамылған жай.
Алатауым басына ақ шәлі орап,
Мойнына гүлден алқа тағылғандай.

2-бала:

Мамыр қандай, шіркін-ай құлпыра-
ды.

Күй толқын көңіліне жыр тұнады.
Жыл еркесі гүл мамыр, сұлу мамыр,
Секілді адамзаттың ынтымағы.

3-бала:

Егемен ел болдық, қаһарман ерлікпен.

Бағымыз жанады, бауырмал елдіктен.

Қазақтың мерейі жұлдыздай жоғары,

Мәңгілік жасаймыз, **бірлікпен**, ерлікпен.

4-бала:

Біз — бақытты баламыз,

Ақылдымыз, данамыз.

Ертеңгі күні еліміздің,

Батырлары боламыз.

Сайқымазақ:

Сәлеметсіздер ме, балалар!

Мерекелерің құтты болсын!

Қандай мереке тойлап жатырсыңдар, балалар!

- Достық мейрамын тойлап жатырмыз.

- Ал менің ешқандай досым жоқ. Сендер өте әдемі, сұлусыңдар, ақылды балалар екенсіңдер. Мені өздеріңе дос қыласыңдар ма?

- Олай болса, сендердің көңілдерің-

ді көтеріп қызықты би билейміз!

Ендігі кезек балалар сайқымазақтармен **«Флешмоб»** билейді.

- Енді менің сендер сияқты көңілді достарым бар.

- Алақай Алақай!

Жүргізуші: Балалар бізге қонаққа сонау алыстан үнді халқы келді.

Үнді биі орындалады.

«Атамекен» әні орындалады.

- Балалар, бізге сонау алыстан испан халқы келді.

Испан биі орындалады.

Жүргізуші: Ортаға өзбек ұлтының өкілдерін шақырамыз, мерекеге әкелген шашуларын тамашалайық.

5-бала:

Басты қоссақ бәріміз,

Біздер елдің сәніміз.

Шаттық, Бақыт, Қуаныш,

Елімізге сыйлаймыз.

6-бала:

Қанатымыз талмасын,

Биіктерге самғасын.

Туған жерге ақындар,

Жаксы өлеңін арнасын.



7-бала:

Бір-бірімен тату тәтті тұрады.
Бәрінің де Қазақстанда тұрағы.
Тілеймін барша ұлтқа бір ғана,
Ырыс бақыт татулықпен ынтымақ.

Жүргізуші:

Ән-жыр десе көмейі бүлкілдеген,
Ақ маржандай көңілі ұлпілдеген,
Өзбек менің өз ағам — дейді қазақ
Дастарханнан дәм тұзы бөлінбеген.

«Өзбек» және «Қамшы» билері орындалады.

Ендігі кезек Сайқымазақтың «алып келген ойындарына» берейік.

1. «Кім жылдам?»
2. «Жыланша ирелендеу»

Жүргізуші: Сайқымазақ, сізге көп рахмет. Сен балаларымыздың көңілдерін көтердің. Ендеше, балаларымыздың «Әрқашан күн сөнбесін» әнін бірге орындайық.

«Әрқашан күн сөнбесін» әні орындалады.

Жүргізуші: Қазақстанымыздың қуаттылығы мен басымызға қонған бақытымыз бірлігіміздің татулығы арта берсін, бейбітшілік мәңгі ажырамас серігіміз болсын! Бұл мереке бізбен бірге ғасырларға ұлассын! Бейбіт аспан астында достығымыз нығайып, еліміз өркендей берсін деген тілекпен бүгінгі ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Қош сау болыңыздар!

Сен достықты қалай түсінесің?



Б. ДАРМЕНОВА,
ЖОББ Амангелді
мектеп-
балабақшасының
қосымша білім беру
педагогы.
Тасқала ауданы,
Батыс Қазақстан
облысы.

Мақсаты:

- оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым-қатынасын нығайту;
- оқушыларды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу, өзімшілдік-

тен, менмендіктен тағы басқа жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету;


- оқушылардың адамгершілік қасиетін, бір-біріне деген достық сезімдерін нығайту.

Күтілетін нәтижелері:

- достық туралы жақсы пікір қалыптастыру;
- оқушылардың достық туралы ой-пікірлерін дамыту;
- достықты қадірлей білуге тәрбиелеу, адал дос таба білуге баулу.

I. Кіріспе бөлім. Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Дос деген кім?



2. Достық дегенді қалай түсінеміз? (Жауапты сурет арқылы бер. Әрбір оқушы өзі салған сурет бойынша түсіндіреді)

3. Досың бар ма? Ол кім?

4. Достық шынайы сезім бе, әлде жай ұғым ба?

5. Достық жасқа байланысты ма?

6. Қыз бала мен ер баланың арасында достық бола ма?

7. Жақсы дос, жаман дос қандай болады?

8. Досыңыздың басына қиындық түсті не істейсіз?

9. Дос қандай болу керек?

II. Негізгі бөлім. Жаңа ақпаратпен танысу.

Мәтіндермен жұмыс. Тапсырма:

Дос және достық дегенді қалай түсінесіз? Мәңгі достық бола ма? Қалай? Бұл тапсырманы орындау үшін мәтінді оқымастан бұрын дәптеріңізді екі бөлікке бөліп, сол жағына өз ойыңыздағы жауаптарыңызды жазасыз. Мәтінді оқу барысында екінші бөлікке өз ойыңызбен сәйкес келген және сәйкес келмеген жерлерін жазып отырасыз. Содан соң салыстырасыз.

«Достық» туралы нақты ой айтқан философ А. Шопенгауэр өзінің «Өмірлік данышпандықтың афоризмдері» деген еңбегінде: «На-

ғыз шынайы достық адамдардың бір-бірімен терең, таза және адал қарым-қатынасын қажет етеді. Бұл дегеніміз — досыңыздың қайғысы мен қуанышына ортақтаса білу деген сөз. Осының бәрі адамның табиғи өзімшілдік, өркөкіректік қасиеттерін жояды» депті.

Шынайы достық қандай да болмасын өмірлік жағдайларда досыңа көмекке келіп, оны қолдай білуді талап етеді. Өзінің досынан белгілі бір нәрселерді қажет ететін адам шынайы достыққа лайық емес.

Бұрын адал достық ең жоғарғы адами құндылық саналатын, сондықтан оны белгілі ақындар жырға қосқан. Біздің ойымызша, бұрын достыққа үлкен сезіммен және жауапкершілікпен қараған. Достық үшін құрбан болуға да дайын болған. Бұрын асыл қасиет саналған достық бүгінде жай ғана қарым-қатынас немесе іскери байланыспен ғана шектеледі. Яғни, қазіргі таңдағы қарым-қатынас киноға бару және бірге отырып теледидар қарау шеңберінде қалған сияқты.

Мүмкін бізге достар да, достық та қажет емес шығар?

Әрине, жоқ! Қазір бізге достық бұрынғыдан бетер қажет. Достық — бұл өмірдегі ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық. Дос табу оңай, ал оны сақтау одан да қиын. Достық қатынасқа нәзіктікпен қарап, берік сақтау керек. Өйткені ол да баптауды қажет ететін нәзік өсім-

дік сияқты. Біздер достықты сақтау үшін жан-тәнімізбен еңбектенбеуіміз керек. Қайтарымын қажет етпей, берудің жолдарын үйрену керек. Сенім мен жарқын көңіл — достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және жер бетінде өзін жалғыз сезінбейді.

«Дос іздеймін» ойыны

Керекті құрал-жабдықтар: қағаз, түрлі-түсті карандаш, қалам.

Кез келген адам өзінің нағыз досы болғанын қалайды. Мүмкін нағыз дос сендерде бар шығар. Дәл қазірден бастап, мен жарнаманы ақысыз жариялайтын «Дос іздеймін» газетінің бас редакторымын. Сіздердің әрқайсың біздің газетке дос іздейтіндеріңіз жайында жарнама беру мүмкіндіктеріңіз бар. Бұл жарнамада сөздердің саны немесе әріптердің көлеміне ешқандай шектеу қойылмайды. Кез келген түрі қабылданады. Сіз достар кандидатурасына қоятын талаптарыңыздың бірнеше тізімін, тіпті оның суретін салуыңызға да болады. Өзіңіз жайында айтуыңызға да болады. Бір сөзбен айтқанда, жарнаманы қалай жазғыңыз келеді, өз еркіңіз. Тек мына жайтты есте ұстағаныңыз жөн: дос іздеу жарнамасы өте көп, сондықтан, сіздің жарнамаңыз дос таңдаушылардың назарына ілігудің қамын ойластыруыңыз қажет.

Тапсырманы орындау уақыты — 10 минут.

Барлық қағаздарды тақтаға ілеміз. Қатысушылар жарнаманы үнсіз оқиды. Әр қатысушы өзіне ұнаған жарнаманы қызыл түспен дөңгелектеп және оны берушімен байланыс жасауға дайындалады.

Енді жарнама қағаздарын түсіруге болады. Қараңыз, сіздің жарнамаңыз басқаларға әсер етіп пе? Жарнамаңыздағы қызыл түсті дөңгелектің саны қанша?

Талқылау

Ойынның осы кезеңі ерекше маңызды. Жаттығу адамдардың адамгершілік құндылықтарын, достыққа лайық сапаларды бағалау немесе өзі нағыз дос болу үшін өзін дамыту жайында дискуссия.

- Көп қызықты жауаптар алынған жарнама несімен сипатталады?

- Ешқандай да таңдалмай қалған жарнамалар жайында сөз қозғау.

Қызыл дөңгелектер санының аз болуы мүмкін болашақтағы досының талабына байланысты болуы да мүмкін. Үлкен сұранысқа сай келу оңай емес. Ешкім де «жан тәнімен берілу», «бәрін тастап, көмекке келу» немесе «сырды сақтай алу» және т.б. тамаша қасиеттерге толықтай ие емес қой. Ең бастысы: дос іздейтін мұндай жарнамаларда бір нәрсе берулері қажет, бірақ оның орнына ештеңе ұсынбайды. Досқа деген тұтынушылық қарым-қатынасқа ұқсас жарнама беруші-

ден түсіністік пен ұнатуды кездестіру екіталай. Тәжірибе көрсеткендей, жарнама берушінің өзі нені меңгерген, соны ұсынады, яғни достықта «ортақ тіл табысуды» ғана бере алады, яғни ол достық өзара қарым-қатынасқа дайын, өзінің тілегі мен ниетін беріп қана қоймайды, оны алады да. Тұлға достыққа көмектесе алу мүмкіндігі әсіресе оған пайдалы нәрсе әкелгенді бағалайды. Оған жарнаманың нақты материалын талдау арқылы біртіндеп көз жеткізуге болады. Дос үшін маңызды қасиеттер мен адами сапаларды талқылау бір қалыптыққа және логикалыққа көшуі мүмкін.

Жарнаманы жұмысқа, серіктестікке және т.б жағдайларға шақыру жайында да ойлап жүргізуге болады. Бұл кәсіби талаптарға үміткер, серіктестікке іскерліктерін қызықтыру, өзіне қызығушылығын тудыру, топ мүшелерінің психологиялық сипаттамаларын білуге өнімді әңгіме түрінде өрбітуге болады

Достық

Әйтімбет деген сөзге шешен кісі болыпты. Бірде оның замандастары:

- Достық нешеу? - деп сұрақ қояды. Сонда Әйтімбет:

- Достықтың екі түрі болады. Бірі — адал достық, екіншісі — амал достық.

«Енді оны қалай ажырата аламыз» дегендерге:

- Адал достық өмірлік бола-

ды, амал достық бір күндік болады, - деп жауап берген екен.

Оқушылардың пікірлері тыңдалады.

«Сөйлемді аяқта» тренингі. Екі топқа сөйлемдер беріледі. Топтағы әрбір оқушы сөйлемнің жалғасын табу керек.

А) Әрбір адамға дос керек. Өйткені ...

Ә) Сыйластық бар жерде ...

Жағдаяттан шығу.

1. Сенің ең жақын досың өзінен кіші баланың ұялы телефонын тартып алды. Сынып жиналысында оны талқылап жатыр. Ол сенен көмек күтіп отыр. Сен не айтар едің?

2. Сенің досыңды үлкен балалар күш көрсетіп соғып жатыр. Сенің оларға шамаң жетпейді. Сен не істейсің?

«Мінездеме беру» тренингі

Қазір мен сіздерге 5 саусақты қолғап беремін. Әр саусаққа өзіңіздің қолыңызда есімі жазылған оқушыға мінездеме жазыңдар.

Тірек сөздер:

адал	арам
жомарт	өз қамын ойлайтын
адамгершілігі мол	кекшіл
қарапайым	сөзге түсінбейтін
мейірімді	жалқау
кешірімді	тәккапар
төзімді	қатал
ақылды	мейірімсіз
сабырлы	саран

салмақты
кек сақтамау
ашықтық
бүкпесіздік

қызғаншақ
тұйық

сың болсын»;

Мақалды жалғастыр

1. «Кемшіліксіз іздеген адам
.... қалады».

2. «Дұшпан айтады, дос....ай-
тады».

3. «Жаңылмайтын ... жоқ, сүрін-
бейтін тұяқ».

4. «.... жаңасы жақсы, ... көнесі
жақсы.».

5. «.....ақшаң болғанша, көп
досың ...».

6. «Досы көппен ,
Досы жоқпен ... ».

7. «Досы ... , өзі де жақсы».

8. «.... басқа қарайды,
... аяққа қарайды».

9. «Ақылсызақылды дұшпан
....».

10. « Досың мың,
... біреу болса да көп».

11. « ... адам тамыры жоқ ... тең»

12. « ... дос болсаң,
Сасқанда ақылын айтар.

... дос болсаң,
Топ ішінде бетің қайтар».

Жауаптары:

1. «Кемшіліксіз дос іздеген адам
доссыз қалады»;

2. «Дұшпан күлдіріп айтады, дос
жылатып айтады»;

3. «Киімнің жаңасы жақсы, дос-
тың көнесі жақсы»;

4. «Көп ақшаң болғанша, көп до-

5. «Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас»;

6. «Досы жақсының — өзі де жақ-
сы»;

7. «Дос басқа қарайды,
Дұшпан аяққа қарайды»;

8. «Ақылсыз достан ақылды дұш-
пан артық»;

9. «Досың мың болса да — аз,
Дұшпаның біреу болса да — көп».

10. «Доссыз адам тамыры жоқ
ағашпен тең»;

11. «Білімдімен дос болсаң,
Сасқанда ақылын айтар.
Білімсізбен дос болсаң,
Топ ішінде бетің қайтар».

Сабақтың қорыту бөлімін сабақ
мақсатына қарай аяқтау үшін эссе
жазу арқылы өз достарының қан-
дай екенін және оның бойындағы
кемшіліктері мен оны жою жолда-
рын баяндауға жетелеу. Нәтиже-
сінде мынадай тұжырымдарды оқу-
шылардың пікірлерінен шығару.

Қорытынды тұжырым:

- Қиын кездерде бір-біріңе кө-
мек көрсетіндер;
- Досыңды алдамай, оған адал
бол;
- Досыңды қорлама;
- Досыңмен қызықты шақтар-
ды бөлісе біл;
- Досыңды барда да сына, жоқ-
та да сына;
- Досыңның кемшілігін кешіре
біл.

Жаңа жылдық шыршада

Мақсаты: Сынып оқушыларын сахна өнеріне баулу. Әр түрлі рөлдерді ойнауға үйрету. Жаңа әндер жаттату. Өлең-тақпақтарды нақышына келтіріп, мәнерлеп оқу дағдысын жетілдіру. Оқушыларды бірлесе отырып еңбектенуге, өзара достық қатынастарының дамып, ұйымшыл болуларына, белсендіктерінің артуына мән беру.

Дайындық кезеңі:

1. Қойылыммен танысу, қажет болса, өзгеріс енгізу;
2. Рөлдерді ойнаушыларды жаттықтыру;
3. Сахнаны безендіру;
4. Костюмдер даярлау;
5. Музыкамен көркемдеу;
6. Жарнама жазып ілу;
7. Қонақтарды шақыру, сауысқанның телеграммаларын даярлау;
8. Шыршаны безендіру;
9. Әндер жаттату, т.б.

Қойылымға қатысушылар:

1. Ертегіші (жүргізуші);
2. Аяз ата;
3. Ақшақар;
4. Жаңа жыл;
5. Қаршалар;
6. Аңдар: аю, түлкі, қоян, қасқыр, арыстан;
7. Сауысқан;
8. Оқушылар.

1 көрініс:

Қыстың әдемі көрінісімен безендірілген сахна, баяу музыка үні естіледі.

Ортаға ертегіші шығады.

Ертегіші:

Келіндер, жас ұландар, ертегімді тыңдаңдар.

Ертегімде сан қилы, қызық-қызық сырлар бар.

Жаңа жылдың кешінде аңдар келіп бір шешімге келмекші, достаспақшы.

Қасқыр құшып қоянды: «Дос болайық баянды!» - деп еді,

Аңқау қоянды достары тым аяды.

Әр қимылы жылмаң қағып түлкі жүр.

«Дастастырам бәрін» деп, әуреленіп кірпі жүр.

Ертегіні көріндер, шын бағасын беріндер!

Қоян: Ля-ля-ля ақша қар,

Ау, жарандар, ал қарандар!

Жауып тұр қар себелеп,

Көкке толды, жерге қонды.

Сансыз аппақ көбелек.

Тым алыстан — Күн, Марстан,

Келіп аяз атамыз.

Жылды тойлап, билеп, ойнап,

Көп қызыққа батамыз!

(Билей жөнеледі)

Қоянның алдынан аю шыға келгенде, ол сасып қалады.

Аю:

Амансың ба, қояным!

Даусыңды естіп ояндым...

Жаңа жылдың алдында тойды еске алдым да,

Ұйқымды ашып сергідім.

Ұйықтамаймын мен бүгін!

Жылды қарсы алайық:

Би билеп, ән салайық!

Қоян:

Жаңа жылдың тойында,

«Жан салайық» ойынға!

Түлкі: Қоянжанға бір сәлем!

Аю мен Қоян: Амансың ба, түлкіжан,
кел, кел, мұнда!

Түлкі:

Достарым, Жыл келеді. Сыйлығын
ол береді.

Жұмбақ шешкіш түлкінің өнерін
жұрт көреді.

Тауып өз сыңарымды, тауықтай
«шынарымды»

Тайсалмай биге түсіп,

Тарқатам құмарымды.

(Билей жөнеледі)

Аю мен Қоян:

Рақмет түлкіжан.

Жүрген жерің күлкі мен ән!

Көңілді топтың қасына аң патшасы
арыстан және қасқыр келеді, барлық
аңдар қуана дабырласып қарсы алады.

Аю:

Аң патшасы арыстан, келе жатқан
алыстан,

Жаңа жыл құтты болсын! Достығы-
мыз мықты болсын!

Арыстан:

Сәлем, достар, аман ба?

Шырша құрып алаңға.

Жылға шашу шашайық,

Тойлап көңіл ашайық!

Жаңа жыл — мереке!

Жақсылық — береке!

Қуанып күлейік, қолдасып жүрейік!

**Барлық аңдар қол ұстасып, «Жаңа
жыл» әнін шарықтата айтады.**

Қасқыр:

Болмасын кекесін,

Береке кетпесін.

Қастандық пиғылдар

Оянып кетпесін!

Арыстан:

Қане құшақ ашайық:

Достық тойын жасайық!

Құтты болсын, құтты болсын,

Жаңа жыл!

Барлық аңдар:

Құтты болсын, құтты болсын Жаңа
жыл!

Алақай, жаңа жылдық шырша мере-
кесіне кеттік!

Ертегіші: Міне, кішкентай ғана дос-
тарым, аңдар достасып, келісімге кел-
ді. Біз де ренжітіп алған достарымыз
болса қуантайық, бәріміз де дос бола-
йық. «Достық» әнін бастап орындап,
шырша мерекесіне қол ұстасып бірге
барып, Жаңа жылды жақсы қарсы ала-
йық!

2-көрініс:

Ертегіші:

Мерекеміз Жаңа жыл, тойында қы-
зық думан бар!

Жаңа жыл бұл жаңа өмір: сайраңда
туыс-туғандар!

Бақытты болып жыл сайын, осылай
басты қосайық

Ашық боп аспан әрдайым, тыныш-
тық тойын жасайық!!

Барлығы: Бейбітшілік — береке!
Бола берсін мереке!

Ертегіші:

Қане, достар, би билеп, ән салып,
ойын ойнап,

Аяз ата. Ақшақар Жаңа жылды қар-
сы алуға дайындалайық.

«Көрікті шыршамыз» әні орындалады.

Бір мезгілде қатты тарсылдаған дауыс естіледі.

Ертегіші:

Уа, жарандар, бұл кім болды екен-ә?

Ой мынау...

Сасқалақтап, алақтап,

Сан бұтаққа ауысқан.

Сақ боламын деп жүріп,

Сабырын тауысқан

Сауысқан ғой!

Сауысқан: Кар-р, асыға ұшып сендерге жеттім, ух-ух шаршағаным соншалық. Сендерге көптеген телеграммалар әкелдім, соларды Жаңа жыл келіп қалғанша оқып берейін. *(Жаңа жылмен құттықтау телеграммалары көрші мектеп оқушыларынан, ата-аналар комитетінен, мектеп дирекциясынан, аудандық оқу бөлімінен)*

Ал, енді мына телеграмма кімнен, кәне ойланындаршы, дұрыс, бұл телеграмма Аяз атамыздан, кәне тыңдаңыздар: «Мен Ақшақар мен Жаңа жылды ертіп ұшып келемін, біз келгенше шырша шамдарын жарқыратып жағып қойындар! Аяз ата»

Сауысқан: Қане, балалар бәріміз бірігіп шыршаны жандырып көрейікші.

Барлығы:

Жасыл шырша, жасыл шырша,

Жарқыратып жақшы шамды!

Оқушы:

Қараңыз мынау шыршаға,

Неткен әсем көрікті.

Жаңа жылдық шыршаға,

Барлығы да келіпті!

Алай-түлей боран соғып, үскірік аяздың ысқыра соққан дыбысы естіледі.

Ертегіші:

Алақай! Аяз атамыз да келіп қалды!

Қане, аңдар қарсы алындар!

Ау, бақытты адамдар, айлы көкке қарандар,

Мініп аппақ кемені Аяз ата, Ақшақар,

Жаңа жылым келеді!

Келді жылым бақытым,

Дәлелденді уақытым,

Сәлем саған Аяз ата, Жаңа жыл-

Жаңа бақыт, жаңа думан, жаңа жыр!

Аяз ата:

Сәлем бар адамдарға, аяулы аналарға!

Ардақты ұл-қыздарға,

Бүлдіршін балаларға!

Шарықтап асқақ әні, болсын той-маскарады.

Өздерің сияқты балалардың шат күлкілі думан тойын аралап келемін. Міне, сендерге де жеттім. Өткен Жылға ырзамын. Адамзат баласын қуантар көптеген тарихи оқиғалар болды. Биылғы жылымыз да үлкен тарихи оқиғамен басталғалы тұр. Баршамызға амандық тілеймін. Аспанымыз ашық болсын!

Дөңгеленіп тұрайық, ойын-сауық құрайық,

Ән-шашу шашылсын, Жаңа жылға ылайық!

Сыңғырлашы сырнайым, Жаңа жылды жырлайын,

Шашбаулы қыз сырғалы Ақшақарды тыңдайын.

Ақшақар:

Ал қанеки, балалар, ән мен жырға
басайық,

Той думанды жалғайық.

Жарқыраған шырағы-шыршамыз
да нұланды,

Бақытты жас балалар айтады шат
жыр-әнді.

Жаңа жылда сайланып, шырша-
мызды айналып,

Би билейік ән салып, баршамыз да
жар салып!

Ақшақар қаршалармен қосылып
вальс әуенімен шыршаны айнала
биін орындайды.

Жаңа жыл:

Жаңа жылда жаңа бақыт тыныш-
тық,

Жаса, жаса! Достық, бірлік, туыс-
тық.

Құттықтайық Жаңа жылда өнер-
мен,

Қуаныштың әр минуты тым ыстық!
Шыршаны айнала ән орындалады.

Ертегіші:

Жаңа жылым жол болсын.

Басқан қадам оң болсын!

Төрлет, төрлет Жаңа жыл.

Бізге құтты жыл болсын!

Жаңа жыл:

Жаңа жылда өнер сынар қайсын
бар?

Алға шығып өлең тақпақ айтыңдар.

Жаңа жылда сыйлық алып қайтың-
дар!

Аяз ата:

Ей, адам ақ ниетті.

Саған Жыл-бақ сый еттім!

Жаңа нұр күттің досым,

Жаңа жыл құтты болсын!

Барлығы: Құтты болсын, құтты
жаңа жыл!

Аяз атаның сиқырлы қоржынынан
сыйлықтар беріледі, жұмбақтар ше-
шіліп, әндер, тақпақтар айтылады.
Аяз ата мен Ақшақар қош айтысады.

Сау тұрыңдар, балалар.

Қыздырыңдар думанды,

Алда барар ауыл бар,

Жыл қуантсын баршанды.

Барлығы: Қош бол, Аяз ата, Ақша-
қар!

Хормен шыршаны айнала «Шыр-
ша жыры» әні орындалады.

Ертегіші: Міне, қымбатты балала-
рым, бірлесіп, достасып өткізген ме-
реке қашанда қуанышты өтеді. Дос-
тық, бірлік бәрін де жеңеді. Аспаны-
мызды бұлт торламасын.

Аспанымыздағы күніміз сөнбесін!

Барлық жандар бір тілекке қосқан
үн,

Бақытты боп бастады жыл даста-
нын.

Қуанышпен келді той боп Жаңа
жыл,

Құтты болсын, Жаңа бақыт доста-
рым!

**«Әрқашан күн сөнбесін» әні орында-
лады.**

Разия

АЛИМХОДЖАЕВА,

Шарын орта мектебінің бастауыш

сынып мұғалімі.

Ұйғыр ауданы,

Алматы облысы.

Ұстаздарыма арнау

Сәлеммен сөзді бастау сүннет екен,
Амандық саулық сұрау міндет екен.
Барша ұстаздарға сәлем беру,
Мен үшін бағасы жоқ құрмет екен.

Бүгінгі ақындар сайысына келіп тұрмын,
Таныстыра кетейін мен өзімді.
5 «Е» сыныбының түлегімін,
Бүгінгі сайыстағы өлеңімді,
Арнаймын «Кадистің» ұстаздарына.
Өткізіп өз алдынан талай бала,
Бойына құйды ақыл ой мен сана.
Мектептің талай дарынды оқушысы,
Бәрі Динара апайдың балалары.
Шаршамайды қанша сұрақ сұрасақ та,
Надира апай әрқашанда қалайды
Шәкірттері өзінен де озғанын,
Жақсы апай ұлы етіп ісін жасар,
Директордан кейінгі Фарида апай,
Біздерді тек алға қарай жетелеген,
Жүреді жарқыраған жүзіменен,
Біледі барлық қыздың сырларын,
Үйретеді тәрбиенің қырларын.
Тәрбиелейді Фарида апай мектепте,
Бір үй толы топырлаған қыздарын.
Пендесіне Аллам да жақ болады,
Уақытылы болса да бақ қонады.
Колымнан бір көмек келмесе де,
Сіздерге әркез ниетім ақ болады,
Атағым Алатаудай болып биік.
Тұрсам да бойым өсіп, көкке тиіп,
Бірақ та, әрқашан да алдарында,
Тұрармын Кадисімнің ұстазы деп мақтан тұтып!

Кәусар СЕРІКБАЙ,
KADIS мектебінің
5 «Е» сынып оқушысы.
Алматы қаласы.



Аружан ЖАНИЯРОВА,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
9 «А» сынып оқушысы.
Подстепное ауылы.
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Менің ғажайып әлемім

Әр адамның өзінің ішкі әлемі бар — ол ерекше, қайталанбас, әрі тек сол адамға ғана тән. Менің ғажайып әлемім — бұл менің арным, қиялым, мақсаттарым және жүрегімдегі сезімдерімнен құралған ерекше әлем. Бұл әлем — менің ойларым мен армандарымның мекені. Бұл әлемде уақыт шектеулі емес. Өткен мен болашақ бірігіп, мені өз тарихымды жасауға шабыттандырады. Әлемімде білімге, өнерге, шығармашылыққа деген күштарлық билік етеді. Әр күн жаңа идеялар мен мүмкіндіктерге толы.

Менің ғажайып әлемімнің тағы ерекшелігі — мейірімділік пен махаббат. Мұнда адамдар бір-біріне қамқор, табиғатқа құрметпен қарайды. Әркім өзін еркін сезініп, өз болмысын жүзеге асыра алады.

Бұл әлемді шындыққа айналдыру — менің өмірлік мақсатым. Мен өз ішкі әлемімнің құндылықтарын өмірімде жүзеге асыру арқылы қоғамға өз үлесімді қосқым келеді. Өйткені әр адамның ғажайып әлемі бар, тек оны ашуға және сол әлемнің сұлулығын көрсетуге батылдық керек.

Менің ғажайып әлемім — бұл менің болашағым. Ол тек қиялымда ғана емес, менің әрекеттерімде, армандарымда және жүрегімде өмір сүреді. Мен осы әлемді шындыққа айналдыру үшін өз күшімді, үлесімді қосамын. Болашақтан зор үмітім бар.

Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының сценарийлері
журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұр пресс», «Евразия Пресс», «Экспресс почта» арқылы жазылған тиімді. Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

Индекс 75489

Қиып
алыңыз да,
жазылыңыз!

		Басылым индексі									
		АБОНЕМЕНТ									
«Мектептегі мерекелер		75489									
тәрбие жұмыстарының сценарийлері»											
		Комплекті саны									
2025 жылға, айлары											
кайда											
		(почта индексі)									
кімге		(мекен-жайы)									
		(аты, жөні)									
ПВ		орны									
		Тасымалдау карточкасы									
		75489									
		Басылым индексі									
Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...тенге	...тиын	комплекті саны							
		...тенге	...тиын								
2025 жылға, айлары											
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
кайда											
кайда											
					(почта индексі)						
					(мекен-жайы)						
					кімге						
					(аты, жөні)						